

МЕМЛЕКЕТ ЖҮЗ МЫҢҒА ЖУЫҚ АЗАМАТТЫҢ НЕСИЕСІН ЖАБАДЫ

2-бет



«АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫ ӘСКЕРИ ҚОЙМАЛАРДЫ АРЫСТАН ӘКЕТУДІ ТАЛАП ЕТТІ

3-бет



КОМУ BED TAX, А КОМУ И КОЙКО-СУТКИ: КАК КАЗАХСТАН МОЖЕТ СТАТЬ ТУРИСТИЧЕСКИМ РАЕМ

12-бет

АРНАУЛЫ НӨМІР

# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni2000@gmail. com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || **№25 (843), 1 shilde, 2019**

# АДАМЫ ЖОҚ АРЫС ҚАЛАСЫ...



**...Есік-терезесі қираған, шатыры қаусағандары кездесіп жатыр әр жерден. Тас-талқаны шығып, темір есіктері әлі шашылып жатқан мәшине жуатын ғимарат өрттен қарайып кетіпті. Жалпы, біз жүріп өткен орталық жолдағы үй-ғимараттар видеодағы ел шошытқандардай емес. Соған қарағанда, негізгі снаряд түскен аумақ темір жолдың арғы бетіндегі әскери қару-жарақ қоймасына іргелес аудан мен вокзал маңында болса керек.**

8 бет



Дулат ИСАБЕКОВ:

## АРЫС ОҚИҒАСЫ – ҮЛКЕН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПСЫЗДЫҚ

4 бет



## ҚОС ӨНЕРДІҢ ҚЫРАНЫ

...Жалынды жырлар жазатын,
Сыр толы сурет салатын.
Өнердің елі – өз елім,
Қос өнер – қос қанатым.

Өзі жазған өлеңдегі осы бір ғана шумақ суретші, ақын Әуелбек Ысқақовтың мақсат-мұратын, бүкіл өмірлік бағыты мен болмысын ашық айғақтап тұрғанын аңғарасыз...

16 бет

## АРЫССКАЯ ТРАГЕДИЯ: кто ответит за «бомбёжку» города?



Надо было случиться арысской трагедии, чтобы президент страны Касым-Жомарт Токаев поднял элементарный вопрос в военной сфере: почему склады с боеприпасами расположены в 200 метрах от города, а не в 3 км, как положено по закону? Ведь всё, что делается не по законам, может «взорваться». До этого на такой вопрос представитель министерства обороны ответил так: боеприпасы с военных складов в Арысе не успели перевезти из-за нехватки денег!

11 бет

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К. Сейітов көшесі, 11 үй. Байланыс телефоны: 8(727)398-57-31 **Жазылу индексі – 65380**

# МЕМЛЕКЕТ ЖҮЗ МЫҢҒА ЖУЫҚ АЗАМАТТЫҢ НЕСИЕСІН ЖАБАДЫ

**Бұл туралы Ақордада БАҚ өкілдеріне ҚР Президентінің сыйлықтары мен гранттарын табыстау рәсімінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мәлімдеді.**



«Әлеуметтік тұрғыда барынша аз қамтылған азаматтар түрлі қиын жағдайларға байланысты өзіне алған кредиттік міндеттемесін орындай алмай отырған ахуал қалыптасты. Көптеген азаматтардың қарыз жүктемесі артып келеді, олардың шынайы табыстары төмендеуде. Адамдар кредиттері бойынша қарыздарын қалай өтерін білмей отыр және бұл проблема шамамен 100 мың азаматымыздың өмірлік мүддесіне қатысты», – деді Мемлекет басшысы. ҚР Президентінің дерегінше, кредиттердің 86 пайыздан астамының көлемі 1 млн теңгеге жетпейді. Ал орташа берешек көлемі шамамен 300 мың теңгені құрап отыр. «Мұның барлығы сарапталған және есептелінген. Қазақстанның басшысы ретінде адамдардың белшеден батқан қарыздан шығуға қауқарсыз екендігін көре отырып, бұған араласпай тұра алмаймын. Сондықтан Үкіметке бір реттік акция ретінде келесі шараларды қабылдауды тапсырдым: жоғарыда атап өткен санаттағы әрбір заемші үшін нақты және атаулы қаржылай көмек ретінде мемлекет екінші деңгейлі банктер мен шағын қаржы ұйымдарынан алынған жалпы мөлшері 300 мың теңгеге дейін негізгі несиені және оған есептелген сыйақыны өтейді», – деді Қ.Тоқаев. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысының атап өтуінше, олардың биылғы 1 маусымға дейінгі қарыздарының жалпы көлемі 3 млн. теңгеден аспауы тиіс. «Несие алғандардың 55 пайызы, яғни 250 мың адам үшін бұл негізгі несие мен сыйақының қоса алғанда жалпы қарыз көлемін тұтастай төлеу дегенді білдіреді. Қалған несие алған азаматтардың қарыздары 300 мың теңге мөлшерінде өтеледі. Бұл олардың төлеу қабілеттілігін қалпына келтіруге және қарыз жүктемесін төмендетуге айтарлықтай септігін тигізеді. 2019 жылдың 1 шілдесіндегі мәлімет бойынша, банктерде және шағын қаржы ұйымдарында кепілсіз тұтыну қарыздары бар барлық азаматтар үшін есептелген айыппұлдар мен төлемақы өсімдері есептен шығарылады. Несие алушылардың аталған төлемдерін есептен шығару, ең алдымен, екінші деңгейдегі банктер мен шағын қаржы ұйымдарының есебінен жүргізіледі. Сонымен қатар, несие беруге, несиеге қатысты қызмет көрсетуге және жеке тұлғалардың 90 күннен астам мерзімі өткен барлық кепілсіз қарыздарына байланысты айыпақы, комиссия және өзге де төлемдер есептеуге тыйым салынады», – деді Мемлекет басшысы.

# МИГРАНТТАР ЕҢБЕК НАРЫҒЫНА ТЕРІС ЫҚПАЛ ЕТЕДІ

**Шет мемлекеттерден келген арзан жұмыс күшінің Қазақстанның еңбек нарығына тигізіп отырған теріс ықпалын жан-жақты зерттеу қажет. Бұл туралы Парламент Мәжілісінде көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы заң жобасы таныстырылымында депутат Кәрібай Мұсырман айтты.**



«Қазақстанға жыл сайын жақын және алыс шет елдерден ағылып келетін еңбекші мигранттар саны азаяр емес. 2018 жылы ішкі істер органдарында жұмысқа орналасу үшін 461,5 мың адам тіркелген. Бұған қоса жеке сапармен келген 1 миллион 277 мыңдай адамның және турист ретінде тіркелген 96,5 мыңдай адамның елеулі бір бөлігі елімізде заңсыз жұмыс істеген еңбекші мигранттар екендігі анық. Ал еліміздегі жұмыссыздық деңгейі, Статистика комитетінің мәліметіне сүйенсек, кейінгі үш жылда еш өзгермей, 4,9 пайызды құрап, өткен жылы жұмыссыздар саны 443 мыңнан асқан. Демек, шет мемлекеттерден келген арзан жұмыс күшінің Қазақстанның еңбек нарығына тигізіп отырған теріс ықпалын жан-жақты зерттеп, зерделеп, тиісті шешімдер қабылдау қажет», – деді депутат. Осы орайда, Үкімет артық жұмыс күші бар Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау және Түркістан облыстарының тұрғындарын жұмыс күші жетіспейтін Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарына ерікті түрде қоныс аударуды қолға алып отырғандығы мәлім. «Сонымен қатар, шет елдерде тұратын бірнеше миллион этникалық қазақтар атамекендері – Қазақстанға көшіп келуді армандайтындығы белгілі. Алыстағы ағайындардың өздерінің тарихи Отанына оралу жолындағы бірталай бөгесіндер алынғанымен, ұлы көштің қарқынын тежеп тұрған кедергілер толық жойылған жоқ. Міне, осындай ішкі және сыртқы көші-қон процестерін заңдық тұрғыдан реттеуді қажет ететін көкейкесті мәселелері аз емес», – деді Кәрібай Мұсырман.

# АУДАНҒА Б.МАЙЛИННІҢ ЕСІМІ БЕРІЛДІ

**Қостанай аймағындағы бұрынғы Таран ауданына классик жазушы Бейімбет Майлиннің есімі берілді. Тиісті жарлыққа Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойды.**

Сөйтіп елімізде тағы бір ауданның аты қазақшаланды. Мұнда 26 мыңнан аса халық тұрады. Бұл туралы ұсыныс жергілікті тұрғындар атынан жиі айтылып келгенмен сәті енді ғана түсіп отыр. «Әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» заңның 9-бабына сәйкес бұдан былай Қостанай облысындағы Таран ауданы ресми түрде Бейімбет Майлин ауданы болып бекітілді. Осылайша, Алаш ардақтысының есімі өзінің туған жерінде ұлықталып, лайықты бағасын алды.

# ҚЫРЫМБЕК КӨШЕРБАЕВ – Президент Әкімшілігінің Басшысы

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Қырымбек Көшербаев ҚР Президенті Әкімшілігінің Басшысы болып тағайындалды.**



«Қырымбек Елеуұлы Көшербаев Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы болып тағайындалсын, ол Қызылорда облысының әкімі қызметінен босатылсын», – делінген Жарлықтың мәтінінде.

Бұған дейін Қызылорда облысының әкімі қызметін атқарған Қырымбек Елеуұлы Алаштың анасы атанған Сыр елін басқару барысында ауқымды істер атқарып, туған елінің тұғырын биіктетіп, абыройын асқақтатқан азамат!

Сондай-ақ, әр жылдары білім, денсаулық және спорт салаларындағы министрліктерді басқару арқылы Тәуелсіз Қазақстандағы барлық саланың жілігін шағып, майын ішкен мемлекет және қоғам қайраткері. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметін атқара отырып ішкі және сыртқы саясаттың да қыр-сырына қаныққан мемлекеттік қызметкер.

ҚР Президенті Әкімшілігінің тізгінін ұстаған Қырымбек Елеуұлының алдағы істеріне сәттілік тілей отырып, егемен еліміздің еңсесін тіктеу жолындағы жұмыстарына жеміс тілейміз!

# АРЫС ҚАЛАСЫНДАҒЫ БАРЛЫҚ КӨШЕ ТАЗАРТЫЛДЫ

**Арыс қаласындағы жағдай облыс әкімі Өмірзақ Шөкеевтің жіті назарында. Өңір басшысышаһар шартты түрде 17 секторға бөлінетіндігін мәлімдеді. Яғни әрбір секторға 17 аудан-қала әкімі бекітілді. Олардың әрқайсысының жанында 40 жауапты қызметкерден болады. Сол жауаптылар аптаның соңында тұрғындар қалаға кіргенде үйлеріне орналастырады.Сонымен қатар, әрбір баспананың зақымдануын фото-видеоға түсіріп, актілер жасаумен айналысады.**



«17 сектор 17 облыс әкімдіктеріне жөндеу жұмыстарын жүргізуге бөліп берілді. Әрбір облыстан 10 бригададан, жалпы саны 1500-ден астам құрылысшылар келіп, жөндеуді бастайды. Облыстың өкілдері келіп, бекітілген секторларды аралап, тиісті жұмыстарға кірісті», – деді Түркістан облысының әкім Өмірзақ Естайұлы.

Бұған дейін, Арыс қаласының тұрғындарын 28 маусымда, таңғы 8.00-де қалаға кіргізу басталатыны туралы облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев мәлімдеген болатын. Өңір басшысы Арыс қаласы мен әскери қоймада оқ-дәрілерді тазалау және қаланы дезинфекциялау шаралары аяқталғанын, қауіп бұлты толық сейілгенін мәлімдеді.

Еске сала кетейік, 27 маусымдағы мәлімет бойынша Арыс қаласы аумағындағы төтенше жағдайдың салдарын жою мақсатында ҚР ІІМ-нің жеке құрамынан 1488 адам және 189 бірлік техника жұмылдырылды.

Қорғаныс министрлігінің саперлік бөлімшелерінен 43 топ құрамында 408 адам Арыс қаласын, теміржол стансасы мен көшелерді тазалады. Сондай-ақ, әскери бөлім аумағындағы жарылмаған оқ-дәрілерден тазарту бойынша жұмыстар жүргізіп жатыр. Осы жұмыстар нәтижесінде 5700-ден астам әскери снарядтар табылып, арнайы техникамен көшіруге дайындалды.

Эвакуациялық пункттерде 13187 адам орналастырылды. Оның ішінде Шымкент қаласында – 7249, Түркістан облысының аудан, қалаларында 5938 адам қоныстанды.

Жедел штабтарда қауырт желілер ұйымдастырылып, тұрғындардан жалпы 15 мың 927 қоңырау келіп түсті.

Түркісан облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметі бойынша 277 адам медициналық көмекке жүгініп, 74-і ауруханаға жатқызылды. 3 адам қаза тапты.

Жалпы инженерлік техникамен Арыс қаласының 16 учаскесіндегі барлық көшелер мен 11 шақырым теміржол төсемдері тазартылды. Қорғаныс министрлігімен бірлесе жеке және көпқабатты үйлерді тазалау жұмыстары жүргізілді. Жағдай тұрақты.

# МАҚСАТ – ӘР ТЕҢГЕНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

**ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, Қаржы министрі Әлихан Смайылов республикалық бюджеттің шығыстарын қай бағыттар бойынша қысқарту жоспарланып отырғанын атады.**

Осыған байланысты, «Атамекен» ҰКП-ның, мүдделі меморгандардың, қоғамдастық өкілдерінің қатысуымен арнайы үш жұмыс тобы құрылған. Бірінші бағыт – мемлекеттік бағдарламалар аясында қолдау шараларын қарастыруға негізделген. Ә.Смайылов елімізде 14 мемлекеттік бағдарлама бар екенін, оларға 2,3 трлн. теңге бөлінетінін еске салды. «Біз әрбір мембағдарлама аясында мемлекеттік қолдау шаралары қаншалықты тиімді әрі нәтижелі екенін көруіміз керек. Осы орайда тиімділігі төмендері бойынша шығыстарды қысқартып, оларды тиімділігі жоғары бағыттарға бұру іске асырылады», – деді ол. Елімізде 6200-ден астам ведомстволық бағынышты ұйымдар бар болса, оның ішінде 320-ға жуығы республикалық деңгейде. Оларға жыл сайын 400 млрд. теңгеден астам бөлінеді. «Осы орайда ведомствоға бағынышты ұйымдардың қай бөлігін жеке секторға беруге болатындығын немесе біріктіру жолымен қайта құруды, сондай-ақ тиімсіз шығыстарды қысқарту үшін олардың қайсысының жұмысын тоқтатуды пысықтауымыз керек», – деп түсіндірді министр. Үшінші бағыт инвестициялық жобаларға негізделген, оларға бюджетте 1 трлн. теңгеге дейін қаржы жұмсалады. Осы орайда, жол, мектеп, аурухана, әлеуметтік нысандардың құрылысы ескерілген. Бұл тұрғыда, типтік жобалық-сметалық құжатнаманы пайдалануды тыңғылықты пысықтау қажет.



# «АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫ ӘСКЕРИ ҚОЙМАЛАРДЫ АРЫСТАН ӘКЕТУДІ ТАЛАП ЕТТІ

## «АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ АРЫС ҚАЛАСЫНДАҒЫ АПАТҚА БАЙЛАНЫСТЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

2019 жылдың 24 маусымында Түркістан облысы Арыс қаласында қайғылы оқиғаның орын алғаны белгілі. Соның салдарынан екі адам қайтыс болып, көптеген адам жарақат алды, қаладағы ғимараттар мен құрылыс нысандарының көп бөлігі қирады.

Осыған байланысты, «Ақ жол» партиясы қайтыс болғандардың туыстуғандарына көңіл айтып, жарақат алғандардың сауығып шығуына және қала, оның тұрғын үйлері, әлеуметтік нысандары мен инфрақұрылымының жақын арада қалпына келтірілуіне тілектестігін білдіреді. Партиямыздың жетекшілері мен мүшелері тұрғындарды жақын маңдағы қала мен жергілікті аймақтарға көшіруде, оларды алғашқы қажеттегі тұрмыс заттарымен қамтамасыз етуде өз белсенділіктерін танытты.

Олар орын алған оқиғада партия мүшесі емес, қатардағы Қазақстан азаматы ретінде әрекет етті.

Басқа түскен қайғылы оқиға барлығымызды, бір елдің азаматтарын біріктіруде. Әр қазақ – менің жалғызым – бұл сөздер саясаттан жоғары болуы тиіс. Біз трагедия салдарымен күресу жолында әрі қарайғы жұмысымызды жалғастыра береміз.

Біз уәкілетті мемлекеттік органдардан аталмыш жағдайдан қорытынды шығарып, жарылыс қаупі бар әскери қоймаларды Арыс қаласының маңындағы аймақтардан және еліміздегі барлық қалалардың аумағынан алып тастауды, жергілікті аймақтардан тыс орналасқан қару-жарақтарын қауіпсіз жерде сақтау және жою жұмыстарын ұйымдастыру мен реттеуді талап етеміз.

# «АҚ ЖОЛ» АРЫСТЫҚТАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫМЕН ТАНЫСТЫ

26 маусым күні Арыс апатынан кейінгі халықтың жағдайымен танысып, мұң-зарын тыңдауға «Ақ жол» партиясы төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев пен партия төрағасының орынбасары Қазыбек Иса, партия Орталық Комитетінің хатшысы Арман Сқабылұлы, Мәжіліс депутаты Берік Дүйсембинов Түркістан облысына ұшып келді. Шымкенттен ұшақтан түсе салып, бірден Қазығұрт ауданы Шарапхана ауылындағы арыстықтар орналасқан лагерьдегі қоныстанушылармен кездесті.

Одан соң ақжолдықтар Арыс ауданы Монтайтас ауылындағы эвакуациялық орында болды.

Халық бірден мұң-зарын айта жөнелді. Үйлері қираған, кейбірінің құжаттары да қалып қалған. Малдары да қалған.

Арыстықтардың ең басты мұңы – баспаналарын қалпына келтіру жайы. Сонымен бірге несиелерінің жайы, жұмыстарынан айрылып қалмау. Тіпті кейбіреулері темір жол басқармалары жұмысқа шақырып жатқандығын, оған мүмкіндіктері жоқтықтарын, егер бармаса, күн көріп отырған жұмыс орындарынан айрылып қалу қаупі туып тұрғанын баяндады. Олардың бәріне Азат Перуашев бастаған ақжолдықтар тыңғылықты жауап берді. Кейбіреулерінің мәселелерін сол жерде шешіп берді.

Эвакуациялық орындарда жатқандар өздеріне көрсетіліп жатқан қамқорлықтарға ризашылықтарын білдірді.

Ақжолдықтар сонымен бірге апат болған Арыс қаласының қазіргі жағдайымен танысты. Ордабасы ауданы «Ақ жол» ауылындағы республикалық штабта болды.

# БҮГІНГІ ЖАҒДАЙ – МЫНАУ... ЕНДІГІ МӘСЕЛЕ – КЕЛЕСІ АПАТТЫ БОЛДЫРМАУ!

**...2004 жыл. Мен «Жалында» жауапты хатшы, «Жас Алашта» жарты ставкіде істеп жүргенмін. Кезінде бір «криминальный авторитеттің» жүргізушісі болған бір жігіттен «90-жылдардың басында Арыстағы арсеналдан менің өзім 12 КамАз қару-жарақ шығарып саттым.**

Киремін, патрон-снарядын толық комплекттеген 50 жәшік «калашников» автоматын, 50 жәшік «макаров» пистолетін және 50 жәшік гранатометті тиеп береді, мен соның 11 машинасын Шымкентке, қалғанын Қызылордаға саттым, және бәрін дерлік басқа ұлт өкілдері алды» дегенін естіп, сол жерде прапорщик болып істеген балдызыма телефон соғып едім, ол: «Ой, ол рас, тәте, Ресейге кетіп жатқан командирлер білгенін істеді!» деді. Сонда да болса сенінкіремей, облыстық ІІБ подполковнигі, құдама хабарластым. «Рас! Олардың шектен шыққаны сондай, бір күнде 50 машина қару сатып, бізге «сигнал» түскен соң, ҰҚК, прокуратура және ІІБ комиссия құрып, үш өкіл барсақ әскери бөлім ашық-шашық, мал жайылып жүр екен...» деген еді. Мақала жаздым, оны «Жас Алаш» баспаған соң «Ақ жол» партиясының сол кезде шығып тұрған апталық газеті «Ақжол- Қазақстанға» апардым. Редакторы демалыста екен, орынбасары Бақыт Ойса ойланып барып, басты... Бір айдан соң хабарлассам: «Тып-тыныш, ешкім ешнәрсе болмағандай...» деді. «Айттым ғой саған, арнаулы орындар жағдайды өте жақсы біледі» деп. Сондықтан үндемей отыр».

Арыстағы апат әскери бөлімде әлі ешқандай тәртіп жоқтығының дәлелі, себебі Қазыбек Иса бұл 2009 жылдан бергі 4-апат, тек «бұл жолғы апаттың беті алапат!» деп жазып жатыр, тәртіп бар жерде 4 апат болмайды. Қашан апатқа ұшырағанша қимылдамайтын әдетіміз ғой. Біз отпен емес, алапат апатпен ойнап отырмыз. «Бұдан жаман болуы мүмкін емес!» деп ешкім айта алмайды!..

Сондықтан, біздің билік: «ЕНДІ АПАТ ҚАЙТАЛАНБАЙТЫНЫНА КЕПІЛДІК БЕРЕМІЗ! БАРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ ЖАСАЛДЫ!» демейінше, халықты қалаға қайтаруға болмайды. Өздері Арыста тұрмайтын облыс, республика басшылары «енді апат болғанша жан нәсіп, бола қалған күнде де оған дейін бұл қызметте отырамыз ба, жоқ па» деп, халықты ертерек тыныштандыру үшін, олардың үйжайын жөндеп берумен құтылуға ұмтылуы мүмкін. Сондықтан, республикалық ҚОҒАМДЫҚ КОМИССИЯ құрылып, ол атқарылар істің барысымен халықты ашық түрде апта сайын хабардар етіп тұруы тиіс!

**Өмірзақ АҚЖІГІТ**

# АРЫС АПАТЫ.

## *Рух жыры*

Қасиетті қайран қара шаңырақ,
Қаусап қалды,
Қанға адамдар боянды...
Қала түгел қала берді қаңырап,
Ел бір күнде қан майданда оянды...

Қалдық қойма?! –
Қандай оған дәру бар?!. –
Оқ үстінде отырған ел аһ ұрды!
Ауған барып, ауып келген қарулар,
Өзіміздің кеудемізге атылды!

Отыз жылдан астам неге сақталған?
Қаңсық қару таңсық болған заман ба?
Кімге керек енді қазір ақталған-
Бір қаладан айырылдық табанда...

Салғырт біздің санамызда бар апат,
Сан апаттан сабақ алған күй қәні?
Бұршақ емес... бомба жауып алапат,
Мина үстінде тұрған қала қирады...

Аты алысқа кеткен әсем жер еді,
Апатта да бастық елдік намысқа!
«Біз соғысты көрген жоқпыз,» деп еді –
Дулат көке,
Көрдік міне, Арыста!

Өртте қалған балалардың шырылы-
Бұл бір Сұмдық сынақ болды баршаға!
Етігімен су кешкендер түгілі,
Жалаңаяқ от кешкендер қаншама!

Ауыр сынақ біріктірді халқымды,
Жайшылықта аударады назар кім?
Бүгінгі күн батырлары – әркімді,
Ап шыққандар аймағынан ажалдың!

Үш апаттан бізге қандай күй қалған,
Төртінші апат!-
Есіңді енді жи бүгін!
Бір қойманы көшіруге қиналған-
Бір қаланы құрбан етті билігім!?.

Арыс десе, ән естілген қалада,
Жер жаруда снарядтар дауысы!?.
Баласынан айрылып көп Ана да,
Гүл орнына...
Оққа толды бау іші!..

Бейбіт күнде ажал құшу –қай тәуір,
Тірлік еді-
Сырқырайды сыз кеуде...
Балам аман болсыншы деп әйтеуір,
Көлікке сап жібергендер іздеуде...

Кім тоқтатар жойқын мынау толқынды,
Аз ба еді өмір Алашқа бұл азабың?!.
Бауырларын құшағына толтырды,
Кеше өзгені қабылдаған қазағым!

Аман шықты ел алапаттан соншама,
Алла салған сынағын да зор шекті...
Қандай ажал, қандай тажал болса да,
Рухты ешкім жоя алмасын көрсетті!

Апаттан бұл сабақ алдық жаңа бір.
Қазақтың бұл қасиеті көп дара!
Арыс десе –
Қолын созып бар өңір,
Қорғап қалды Ел бірлігі тек қана!

Қасіретті қасиетпен парықта,
Қане, бауырым, қайрат жиғын, түрегел!
Арыс десе – бұдан кейін тарихта,
Сақтандыру сабағы деп біледі ел!

**Қазыбек ИСА,**
*«Қазақ үні»*
*26.06.2019*

Дулат ИСАБЕКОВ,
жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты:

# АРЫС ОҚИҒАСЫ – ҮЛКЕН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПСЫЗДЫҚ





Махамбет Өтемісұлы айтқандай, «Тағы да келдік тар жерге, таңдасаң тағы болар ма?» деген. Тағы да біз тығырыққа тіреледік. Тағы да топаланның астында қалдық. Бір қала, бір өңір халқы Ақтабан Шұбырындыдағыдай дала кезіп, бас сауғалап кетті...

Мемлекет те, қарапайым халық та шама-шарқынша, қол ұшын созып жатыр. Жекелеген кәсіпкерлер де миллиондап қаржы аударып жатыр. Осының бәрінің алдын алуға болатын ба еді? Болатын еді. Ертелі-кеш осы жарылыстың болатынын билік жақсы білді. Бірақ, әрекетсіз отырды. Бұл жөнінде 2014 жылы Парламент депутаты сөз сөйлеген: «Бұл – Арыстағы үшінші жарылыс. 4-ші жарылыс орын алса, бұл өте жойқын және оның зардабы өте қиын», – деді. Билік осыны естіді, білді, көрді. Әскерилердің құлағына тиді ме? Тиді. Бірақ оған кезінде биліктен ешкім де пысқырып қараған жоқ. Баяғы салақтық, баяғы бойкүйездік, баяғы жауапсыздық және жемқорлық. Осы біздің құлқынқұмарлығымыз ақыры орға омақаса жығып тынды. Арыстағы қару-жарақ қоймасына жыл сайын қыруар қаржы бөлінетіні белгілі. Бірақ өкінішке орай, аталмыш қаржы діттеген жеріне жетпейді. Екі ортада біздің еліміздің «дәстүрлі» әдетінше, талан-таражға түсіп, ол қоймаға күні бүгінге дейін көк тиын да жұмсалмай келген. Қазір орта жастан асып қалған, бұрын осы салада қызмет істеген кейбір адамдар: «Мен сол жерде көп жылдар жұмыс істеп едім, содан бері ештеңе өзгерген жоқ. Электр құрал-жабдықтары мен электр жүйелерінің сымдары барлығы кір жайған арқан сияқты салбырап тұр. Бір күні жарылыс болады ау деген әңгіме сол кездері де айтылған-ды», – дейді.

Енді, міне, қу құлқынның қамын ойлағанның аяғы осыған алып келіп соқты. Біздің елде өте бір жаман «дәстүр» қалыптасты. Көшеміздің жолдары ойдым-ойдым болып жатса да, ол жерде қашан апат орын алып, адамдар зардап шекпейінше, ол шұңқырларды да жөндемейміз. Сонымен қатар, кәріз құбырларын да қашан оған адам түсіп өлмейінше, оны жаппаймыз. Міндетті түрде осындай жарылыс, осындай құрбандық, ала топалаң керек. Сонда ғана біз қимылдаймыз. Сол снарядтардың барлығын сыртқа енді шығарып жатыр. Ал бұрын неге шығармады, бұрыннан бері естіді, көрді, білді.

Енді Арыс тұрғындары босқын болып кетті. Оның трагедиясының мөлшерін айтпай-ақ қояйын. Айрандай ұйып отырған елдің қас пен көздің арасында ұйпа-тұйпасы шықты. Осыны жауапкершіліктің жоқтығы ғана деп айта алмаймыз. Бұл – үлкен қылмыстық дәрежедегі жауапсыздық. Бұл оқиғаға кінәлілер анықталып, қатаң жазалануға тиісті. Жазаланғаннан не пайда? Елдің жағдайы мынадай күйге түскенде. Егер де қазір Сталиннің заманы болса, олардың біреуі де тірі қалмас еді. Бізде жазалаудың өзі де қисынсыз жүзеге асады. Түрмеге түскендер не себепті екенін білмеймін, «үлгілі тәртібі үшін» деген желеумен екі үш жылдан кейін босап шығып жатады. Қылмыс жасап, түрмеге қамалып отырған адамда қандай үлгілі тәртіп болуы мүмкін? Оқиғаның орын алу себебіне тексеріс жүргізілген кезде бәрін жуып-шайып көрсетуі де ғажап емес. Бірақ бұл жолы ешкімге аяушылық жасалмауы керек. Баяғыда көшіретін нәрсені көшірмеді. Енді қандай жарылысты күтуіміз керек? Жауапты қызметкерлер Қызылағаштағы су тасқынын да алдын ала білген.



Бірақ сонда қыңқ етпеген. Мен кейде амалсыздан біздің елімізде қазақ халқына астыртын қастандық жұмысы жүргізіліп жатқан жоқ па деп те ойлаймын. Неге Премьер-министр, Қорғаныс министрлігі мұны алдын ала білмейді? Жауапты адамдардың барлығы неге хабарсыз?

Менің балалық шағымның барлығы осы жерде өтті. Кеңес үкіметі кезінде бұл қару-жарақ қоймасы үлкен қоршауда болып, адам аяғы баспайтын. Тәуелсіздіктен кейін былыққа батты. Ол жерде талай адам жұмыс істесе, екі адам ғана қайтыс болыпты дейді. Мұның өзі де ақылға қонымсыз. Ол тіпті, мүмкін емес. Егер шынымен көпшілігі аман қалса, онда олар жұмыста болмаған деген сөз. Осындай кереғар түсініктер өте көп.

Ал енді менің ағайындарым, жерлестерім, «Құдай салды, біз көндік» демекші, бұл да бір тағдырдың тәлкегі шығар. Сендер елімізді басқарып отырған басшылардың жауапсыздығының кесірінен өздеріңнің отандарыңнан безіп кетуге мәжбүр болдыңдар. Екінші рет қайталанбаса екен. Енді өзі ештеңе де қалмады ғой деймін Арыста. Енді сабыр сақтаудан басқа амал жоқ...

Ресейдегі Кремль басшылары Қазақстанға АЭС салуға өте құштар. Олар АЭС-ті бізге неге тегін салып бергіш болып қалды? Неге олар бізді жарылқай қалды? Күндердің бір күнінде ол АЭС Чернобыль апаты сияқты жарылса, онда жарты Қазақстанда тіршілік тоқтайды. Өйткені, бізде бұл саланың мамандары жоқ.

АЭС салуды тоқтатуға осы Арыстағы апат себепші болады деп үміттенемін. Мүмкін бұл бізге Жаратушы иеміздің АЭС-тен сақтаныңдар деген ескертпесі шығар.

Арыс тұрғындары мұндай алапат апатты бұрын-соңды көрген емес. Аштық жылдарында да мұндай оқиға орын алған жоқ. Тоғыз жолдың торабында орналасқандықтан, өз күнін өзі мамыражай аспан астында көріп келе жатқан халық-тұғын. 30 елдің қатарына қосылып, еңсемізді тіктеп келе жатқан тұста осындай күйге түстік. Бұған дейін қаржы жоқ деген желеумен қойманы ауыстырмадық та, залалын енді қарапайым халық тартып жатыр.

Биылғы жыл Қазақстан үшін қаралы жыл ретінде жариялануы керек. Астана күні, тағы сол сияқты түрлі пайдасы жоқ шараларды тоқтату керек. Мұндай астана сонда Ресейде, Өзбекстанда жоқ па? Неге біз бір Астананың туған күнін қыруар қаржы шығарып жер-жерде жыл сайын тойлаймыз? Мұнымыз дарақылық қана. Егер біз Астана күнін тойласақ, халықпен бірге қайғырмағанымыз, қайғырсақ та өтірік қайғырғанымыз. Сондықтан, әзірге ауқымды шараларды өткізуді мүлде тоқтатуымыз керек.

---

Арман СҚАБЫЛҰЛЫ:

# ОЛАР «СОҒЫСТЫ» КӨРДІ...



*...Аты алысқа кеткен әсем жер едің,*
*Апатта да бастық елдік намысқа!*
*«Біз соғысты көрген жоқпыз», деп едің –*
*Дулат көке,*
*Көрдік міне, Арыста!*

*Қазыбек Иса*

...Туысқанын паналап жатқан арыстықтардың жағдайын білуге келген біздің алдымыздан жүгіріп шыққан кішкентай бала алақтап, Арыс жақты көрсетіп, сөйлеп қоя берді.

– Аға, ана жақта соғыс болып жатыр. Танкі, бомбы...Біз енді ол жаққа бармаймыз!

– Жоқ, балақай! Біз қазір ғана сол жақтан келдік. Соғыс жоқ, ертең-ақ үйге қайтасыңдар! – дедік біз. Бала сенбеді. Басын шайқап, кері жүгіріп кетті. Әбден қорқып қалғаны түрінен көрініп тұр. Осы өңірдің тумасы – Дулат ағамыздың «Біз соғысты көрген жоқпыз» атты шығармасының есіме түскені. Арыстықтыр бұл жолы «соғысты» көрді. Бейбіт күнде төбеден снаряд жауып, үйіңді отқа орап жатса, өзің ысылдаған оқтың арасынан әзер аман шықсаң, соғыс емей немене?

...Қаланы аралап көрдік. Өлі қала. Адам жоқ. Арыстың қоймалар жағындағы үйлер қираған. Орталыққа қарай көбіне шатыры тесілген, терезелері түскен үйлер көзге түседі. Қалған жағы аман секілді. Бір-екі жерде теңкиіп өліп жатқан сиырларды байқадық. Саперлар жинап, қызыл белгі қойып кеткен снаряд қалдықтары әр жерде жатыр. Қаланы блокпостар қоршап тұр. Ақжол ауылындағы штабқа бас сұқтық. Тиісті мамандардан өзімізді мазалаған сауалдарға жауап алуға тырыстық.

«Қаладағы радиация мөлшері қандай?» деген сауалымызға астанадан келген бас маман бұл іске енді ғана кірісіп жатқандарын, нәтижесі бір-екі күнде дайын болатынын айтты. Қандай бомба, снарядтардың жарылғанын Қорғаныс министрлігі ғана біледі деді. Осындағы Ішкі істер өкілдері мародерліктің үш-төрт фактісі болғанын мойындады. Күзет күшейтілген.

Қазір қаладан босқан 45 мың адамның 35 мыңы туыстарын паналап отыр. Биліктің бағына қарай қазақтың бауырмал, қонақжай болғаны пайдасын берді. Арнайы эвокуациялық орындарды паналағандары – 4 мың ғана! Биліктің бағына қарай сол қазақтың көнбістігін айтсаңшы! Мұнда өткен ғасырдан бері төрт рет жарылыс болған. Егер бұл жерде басқа халық тұрса баяғыда тажал қойманы көшірер еді. Ауылының шетінен салынған зауыттан шыққан жағымсыз иіске бола көшеге шығып, биліктің жағасынан алып, сол зауытты жаптырған орыстың әйелдерін талай көрдік. Мұндаған тонна бомбаның үстінде отырып мыңқ демеген халықты көнбіс демей не дейік? Бауырмалмыз, ұйымшылмыз, бірлігіміз де керемет! Бірақ, бізге бір нәрсе жетіспейді. Ол – мінез! Ұлттық мінез! Мына трагедия соны көрсетіп берді.

**P.S. Әлгі түрлі өсек-аяңдардың барлығы өтірік! Арыстағы штабта республикалық БАҚ өкілдері, блогерлер жұмыс істеп жатыр. Солардың ақпаратына сеніңіздер. Олар оқиға ортасында жүр. Диванда отырып жазып жатқан жоқ...**




# БАРЛЫҚ ҮМІТ – «БОЛАШАҚ» ТҮЛЕКТЕРІНДЕ

**«Болашақ» халықаралық стипендиясы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 1993 жылғы 5 қарашадағы қаулысымен бекітілгені мәлім. Қазақ елі тәуелсіздігін жариялаған соң күрделі реформалар жасап, елімізді әлемдік аренада лайықты танытатын мейлінше білікті кадрлар қажет болғаны да түсінікті. Осынау биік мақсат бағытында посткеңестік мемлекеттер тарихында алғаш рет жастарға шетелде білім алу мүмкіндігі қарастырылды.**

Елбасының қолдауымен жүзеге асып келе жатқан осынау маңызды бағдарлама арқылы сан алуан салада әлемдік өркениет кеңістігіне лайықты көтерілгеніміз анық.

Бүгінде «Болашақ» халықаралық стипендиясының қанатын одан әрі кеңге жая түсу мақсатында көптеген жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

«Болашақ» бағдарламасын одан әрі дамыта түсу үшін Білім және ғылым министрлігінің ұйытқы болуымен бұл бағыттағы жұмыстар да жылдан-жылға жандана түсуде.

Шетелде кадр даярлау жөніндегі республикалық комиссияның кезекті отырысында да көптеген жұмыстар талқыға түсті.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Марат Тәжин төрағалық еткен жиында биылғы жылы 134 қазақстандықтың шетелде білім алуға мүмкіндігі бар екендігі нақты айтылды. Тағайындалған стипендия иегерлері магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша шет елдердегі үздік жоғары оқу орындарында білім алатын болады. Олардың ішінде әлемнің жетекші ғылыми және өндірістік орталықтарына тағылымдамадан өтетін студенттер де бар.

Демек, бұл орайда еліміздің жарқын келешегі – «болашақтықтар» қолында деген қисынды байлам жасай аламыз. Яғни, аталмыш бағдарлама түлектері ел ертеңінің бүгінгіден де жарқын болуы жолында жұмыс істеп келеді. Бүгінгі қоғам, әсіресе, жастар тарапы «болашақтықтардың» бағындырған биіктері туралы жете біліп, олардың әрбірінен үлгі-өнеге ала білсе, бұл елдің әу бастағы мақсат-мүддеге жете бастағанының айқын дәлелі.

Осынау тақырыпқа негізделген алқалы жиын Елордасы – Нұр-Сұлтан төрінде өтті.

«Болашақ» түлектерінің қатысуымен өткен «Болашақ кеші – мен елім үшін не істедім?» атты шара «Болашақ» халықаралық стипендиясы туралы көпшілікті хабардар етуді, шетелдік оқу орындары туралы ақпарат таратуды көздеді. Шара аясында еліміздің түкпір-түкпірінен келген «Болашақ» түлектері өздерінің бағындырған биіктері мен жеке тәжірибесі туралы кеңінен әңгімелеп берді.

Жастарға берері мол осынау басқосуда спикерлер «Ситуативті қазақ тілі» үш томдық кітабының авторы Қанат Тасыбеков, қазақстандық белгілі шахматшы Дәрмен Сәдуақасов, Қазақтың мұнай геологиялық барлау ғылыми-зерттеу институтының директоры Асқар Мұнара және ҚР БҒМ «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ президенті Жанболат Мелдешовтер сөз алып, шетелдік дамыған жоғары оқу орындарында біліктілікті арттыру, алған білімінді шындай бүгінгі заман талабы екендігін тілге тиек етті.

Сондай-ақ, «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ «Болашақ» стипендиясы мен әлемнің жетекші университеттеріне көптеген тегін шетелдік гранттар алу туралы пайдалы кеңестер берілді.

«Болашақ» бағдарламасымен шетелде білім алып, кәсіби тұрғыдан жоғары деңгейге жете білген түлектердің бірқатарын әңгімеге тартқан едік.

**Асқар МҰНАРА, Қазақтың мұнай геологиялық барлау ғылыми-зерттеу институтының директоры:**

## ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ ТАҢДАНЫСЫН ТУҒЫЗҒАН



– Мен Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданының Түрген ауылындағы қазақ орта мектебін бітіріп шыққанмын. Ауыл баласымыз. Өзге де қатарластарым сияқты мемлекеттік білім грантын иеленем бе, жоқ па деген үрей болғаны рас. Өзімнің еңбекқорлығымның және ата-анамның тәрбиесінің арқасы болар, 2000 жылы Алматы техникалық университетінің Мұнай-газ геология мамандығы бойынша білім грантын жеңіп алдым. Бұл – менің ең алғашқы жетістігім болатын. Жоғары оқу орнына түскеннен кейін алдыма үлкен мақсаттар қоя бастадым. Шетелде білім алғым келді. 2004 жылы мен Франция мемлекетінің грантын жеңіп алып, сонда оқып бакалавр-магистр атандым. Магистратураны бітірген соң, өз білімімді одан әрі жетілдіру мақсатында докторантураға түсуді жоспарладым. Сөйтіп, 2009-2012 жылдар аралығында еліміздегі «Болашақ» бағдарламасының грантын ұтып алдым. Осыдан кейін, Францияның ең бір керемет қалаларының бірі – Нансидегі Лотарингия университетінде өз білімімді жетілдірдім. 350 мың халық тұратын қалада 150 мың студент болды. Бір қарағанда, Ресейдің Новосибирск қаласындағы академия қалашығына ұқсайтын.

50-ден астам ғылыми зерттеу институты шоғырланған білім ордасында студенттер үшін барлық мүмкіншіліктер қарастырылған. Онда тек француздармен ғана емес, әлемнің түрлі елдерінен келген студенттермен тығыз араластық. Олардың барлығын Қазақстанның «Болашақ» халықаралық стипендиясы таңқалдыратын. Басқа мемлекеттерден келгендерде мұндай мүмкіншілік болған жоқ. Олардың көпшілігі жеке компаниялардың грантын иеленгендер немесе ата-анасының қаржысына оқып білім алып жүргендер. Сол кезде барып, «Болашақ» бағдарламасының қазақстандық жастарға зор мүмкіндік бергенін ұқтым. «Болашақ» бағдарламасы тек қазақстандықтардың ғана емес, өзге шетелдіктердің де біздің елімізге келіп білім алуына мүмкіндік туғызды. Мәселен, бүгінде еліміздегі жоғары оқу орындарында біраз француз азаматтары кәсіби біліктілігін арттырып, еңбек етіп жүр.

Меніңше, «Болашақ» бағдарламасы Қазақстан мен Францияның арасындағы алтын көпір болды.

2012 жылы Отанға оралғаннан кейінгі жұмысым көптеген жобаларды басқарудан басталды. Сонымен қатар, еліміздің беткеұстар білім шаңырағы – Назарбаев университетінде Тау-кен ісін құру және жер қойнауларын зерттеу институтының жетекшісі болдым. Бүгінде аталмыш оқу орны бакалавр магистр мамандарын тәрбиелеп шығаруда. «Болашақ» бағдарламасымен оқығысы келетін жастарға айтарым – ешқашан қорықпаңыздар. Ең бастысы – алдарыңызға биік мақсат қоя біліңіздер. Сол мақсатқа бар күш-жігерлеріңізбен талпынсаңыздар сіздер бағындырмайтын биік болмайды.



**Беркін ТҰРҚҰЛОВ, Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығының кардиохирург дәрігері:**

## ӨМІРІМІЗГЕ СЕРПІЛІС СЫЙЛАҒАН

– Бала кезде нені армандамассың?! Әуел баста дипломат атанғым келді. Шетелдің атақты оқу орындарында осы мамандық бойынша білім алсам деген ойларым болды. Ал жоғары сыныпқа көшкенде саналы түрде шешім қабылдау қажеттігі туындады. Мен таңдаған мамандық – халыққа зор пайдасын тигізуі керек деп шештім. Содан көп ойлана келе, дәрігер болуға бекіндім.

Өзім ауылды жерде көпбалалы отбасында өмірге келдім. Егістік алқабында қолымыздан кетпен түспейтін. Мектеп бітіріп жатқан тұста ата-анамның: «Оқығың келмесе ауылда қал. Осында да екі қолға бір күрек табылады, егін шаруашылығымен айналысасың», – дегені әлі күнге дейін есімде. Бірақ оқимын, ізденемін десем қарсы келмейтіндіктерін жеткізді.

Содан көп ойланып қайтсем де жоғары білім аламын деп шешім қабылдадым. Мүмкіндігінше, жас кезде білім алуға барынша талпынуымыз керек. Бұл әрбір жас өскіннің ең бірінші, әрі маңызды қағидасы болуға тиісті.

«Болашақ» менің өміріме серпіліс берген бағдарлама десем артық айтқандық емес.

Бастапқыда, «Болашақ» бағдарламасына мен сияқты ауыл балалары түсе алмайтын шығар деп ойладым. Бірақ, мен «Болашақ» грантын жеңіп алғанда менен бақытты адам болған жоқ. Ауылдан таяқ тастам жер ұзамаған баланың, Мәскеуге «білім аламын» деп өмірінде алғаш рет ұшаққа мінгені де қызық еді.

Сонымен мені асқақ арман жетелеп, Мәскеу қаласындағы А.Н.Бакулев атындағы жүрек қан тамырлары ғылыми зерттеу орталығына алып келді. Онда екі жыл білім алдым. Сонда бізге басқа елдердің азаматтары: «Мемлекет тарапынан осындай қолдау көрсетілсе, онда сендер шынымен де бақытты елдің ұрпағы екенсіңдер», – деп қызыға да, қызғана да қарайтын.

Тек студенттер ғана емес, білім алып жүрген жоғары оқу орнының профессор, академиктері де бізге «арнайы байқаудан өтіп, жеңіп шыққан талапты балалар» деп ерекше ықылас білдіретін. Оқуымды аяқтағаннан кейін, Алматы қалалық перинатология және балалар кардиохирургиялық орталығынжа жұмыс істей бастадым.

«Болашақ» арқылы бітіріп келіп еліміздегі денсаулық саласының ілгерілеуіне шамашарқымызша үлес қосып келе жатқан жайымыз бар.

Дәрігер өміріндегі ең алғашқы баспалдақтар – келешекте кәсіби маман ретінде қалыптасуына зор ықпалын тигізері анық. Өзімнің ең бірінші ота жасаған күнім ешқашан есімнен кетпейді. Кішкентай баланың, оның ата-анасы мен өзіңнің алдыңдағы жауапкершілікті сезіну – өте үлкен міндет жүктейді. Маманға бойдағы білімімен қатар, өз-өзіне деген сенімділік пен жүректілік талап етіледі. Жүректі тоқтатып қойып, күрделі оталарды 5-6- сағатқа дейін жасап жатамыз. Сонда барлығы сәтті аяқталып, бала сауығып, аяғынан тік тұрғанын көргенде, өз мамандығымды бекер таңдамаған екенмін деп қуанышқа бөленемін. Ата-анасы шынайы ризашылығын білдірген кезде бір сәтке өзіңді нағыз батырдай сезініп кетесің. 2012 жылдан бастап күні бүгінге дейін, 400-ден астам баланың жүрегіне ота жасап, өмір сыйлаппын.

Бетті дайындаған
Гүлмира САДЫҚ

# ҰЛТ ТҮРІНЕ ЕМЕС, ТІЛІНЕ

**– Ұлтың кім?**
**– Қазақпын!**
**– Оны немен дәлелдей аласың?**
**– Өзімнің ана тіліммен!..**
**Өте дұрыс айтылған жауап! Қасы, көзі, шашы қараның бәрі қазақ емес. Ұлтыңның бірінші белгісі, нақты нышаны – өзіңнің ана тілің. Тілінді жоғалтқаның – ұлтыңды ұмытқаның, анаңның ақ сүтін ақтамағаның, Алаштың туын құлатқаның, мәңгүрттікпен мемлекетіңді сатқаның...**
**Бәлкім, бұл жерде біз тым қаттылау кеткен болармыз. Бірақ шындық осы, одан ешқайда қашып құтыла алмаймыз. Сондықтан тілімізді көк туымыздай жоғары көтеріп, оның мәртебесі мен мерейін үстем ету тікелей өзіміздің міндетіміз.**

Тағы бір шындық – еліміздің солтүстік, батыс, орталық аймақтарында, әсіресе барлық қалаларымызда қазақ тілінің қолданыс аясы әлі де кемшін жатқаны. Әрине, оның тілге тиек етер себептері де жоқ емес. Ол үшін аталмыш аймақ адамдарын бассалып кінәлау да орынсыз болар. Жүздеген жыл билігін жүргізген патшалық Ресей қазақ тілінің сағын сындыра алмағаны белгілі. Кеңестік кезеңде КОКП-ның бірінші хатшысы болған Н. Хрущевтың айнадай тақыр таз басында «тың және тыңайған жерлерді игеру керек» деген желеу пайда болып, жүз мыңдаған орыс тілді жат жұрттықтарды қазақ жеріне әкеліп төгіп, өзінің жымысқы саясатын іске асырды. Қазақтың құйқалы жерін ғана емес, құнарлы тілін де құртуды қолға алды. Кеңестік сұм саясат дегеніне жетіп, еліміздің солтүстік, батыс, орталық өңірлеріне қоныстанған орыс тілді «тың игеруші» көпшілік келімсектер қазақ тілін ығыстырды. Қазақ мектептері жүздеп жабылып, орнына орыс мектептері жаппай ашыла бастады. Көпке күл шаша алмайсың, сөйтіп сайқал саясат бұл аталған өңірлерді орыстандырып тынды. Соның кесірін күні бүгінге дей көріп, тауқыметін тартып келеміз.

Тәуелсіздік алысымен елімізде тіл мәселесі бірден көтерілгені тегін емес-ті. Ұлттық бейнемізді қалпына келтіру үшін ол бірінші кезекте қажет болды. Шүкіршілік, бүгінгі күні бұл салада көптеген істер атқарылып, ана тілімізді сақтап қалдық. Ол заң жүзінде бекітіліп, Тіл туралы заңымыз да қабылданды. Қазір еліміздегі мектептер мен балабақшалардың басым бөлігі қазақ тілінде білім береді. Әйтсе де тіл баршамызға ортақ мәселе болғандықтан оны күн тәртібінен түсіруге әсте болмайды. Біздің бүгінгі әңгімеміз алдында айтқанымыздай «орыстанған» деген санатқа кіретін Қарағанды облысындағы қазақ тілін қолдау мен қолданысын кеңейту жайында болмақшы.

Кеңбайтақ Қазақстанның ортасын ойып орналасқан қазыналы Қарағанды облысы еліміздегі алып жатқан жер көлемі бойынша бірінші орында тұрған алып аймақ.Қарағанды өңірі - Қазақстанның кен байлықтары мен ауылшаруашылығы шикізатын, көмір өндіру, энергетика, қара және түсті металлургия, химия өнеркәсібі, машина жасау және металл өңдеу, құрылыс индустриясы, жеңіл және тамақ өнеркәсіптері дамыған, ел экономикасының куатты орталығы. Құрамында 11 қала, 39 кент, 168 ауылдық округі бар ең ірі әкімшілік бірлік болып саналады.Қарағанды облысы бойынша ресми деректерге қарасақ, аймақта 55 ұлттық-мәдени орталықтар жұмыс істейді екен. Бұл нені көрсетеді? Облыс көпұлтты өңір екенін айғақтайды. Оның ішінде орыс тілділердің үлестік салмағы басым. Әрине, мұндай ортада қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту оңай шаруа емес. Соған қарамастан көптеген іс-шаралар атқарылып, нақты жұмыстар істелуде. Осы орайда облыс тізгінін ұстаған әкімдіктің жауапкершілігінің жүгі арта түсері түсінікті.

Үстіміздегі жылдың ақпан айының ортасында Қарағанды облысы әкімдігінің мәжіліс залында облыс әкімінің орынбасары, жақында Білім және ғылым министрі қызметіне ауысқан Асхат Аймағамбетовтің төрағалығымен мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру мәселелері бойынша кеңейтілген кеңес өтті. Жиынға қоғам белсенділері, тіл жанашырлары, филолог-ғалымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдерінің басшылары, орталықтар директорлары, сондай-ақ облыс өңірлері әкімдерінің әлеуметтік сала бойынша орынбасарлары селекторлық режимде қатысты. Кеңестің күн тәртібінде тілдерді дамыту саласындағы бірнеше түйткілді мәселелер қаралып, оларды шешу жолдары талқыланды. Атап айтар болсақ, облыс аумағындағымемлекеттік тілді оқыту мәселелері,облыстың ономастикалық кеңістігіндегі жағдай, көрнекі ақпараттың сауатты ресімделуі, мемлекеттік тіл саясатын насихаттау, ақпараттық қолдау көрсету секілді бағыттардағы атқарылған жұмыстар талданып, алдағы жоспарлар айқындалды.

«Қазақ тілі және мәдениеті» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Темірғали Көкетай, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша өңірлік жобалық кеңсе бас менеджері Бахытқали Мұсабеков, «Болашақ» академиясының профессоры Құрманғазы Сембиев, Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың доценттері Жаңбырбай Қағазбаев, Салауат Кентбеков, ҚарМТУ-дың «Тілдердің үштұғырлығы» орталығының директоры Нұрлыбек Әубәкіров, журналистика саласының ардагері Сағат Батырханова, «Айқын» республикалық газетінің облыстағы меншікті тілшісі Ләззат Қожахметова, «Арқа ақшамы» облыстық газетінің бас редакторы Жанат Жаңқашұлы секілді тіл жанашырлары көкейдегі сауалдарын қойып, келелі ұсыныстарын білдірді. Ұсыныстар негізінен мемлекеттік органдардағы жиындарды мемлекеттік тілде өткізу, облыс орталығындағы ономастикалық кеңістікті реттеу бойынша жұмыстарды жеделдету, көрнекі ақпараттардағы мемлекеттік тілдің қолданысын реттеу қажеттігін алға тартты.

Облыс әкімінің орынбасары Асхат Аймағамбетов бірінші кезекте қазақ тілін білу мемлекеттік қызметшілерден басталу қажеттігіне баса назар аударып, мемлекеттік тілді оқыту және тіл меңгерген түлғаның тілдік құзыретін одан әрі жетілдіру, көрнекі ақпараттар мәтінінің сауатты жазылуы үшін кәсіпкерлермен ықпалдастықты арттыру, ономастикалық саясатты тұрғындарға жете түсіндіру арқылы жүзеге асыру бойынша межелерді сала қызметкерлеріне жұмыс барысындағы негізгі басымдық ретінде міндеттеді. Облыс әкімінің орынбасары тілдерді дамыту жөніндегі басқармалар мен аудан, қала әкімдері орынбасарларына осы бағытта бірқатар тапсырмалар беріп, оның нақты орындалуын талап етті.

Мемлекеттік тіл саясатын одан әрі жетілдіру бойынша комиссия отырысы маусым айында да өткізілді. Бұл жолы алдында берілген тапсырмалардың орындалу барысы бірінші кезекте сөз болды. Селекетрлік түрғыда өткен отырыс жұмысына комиссия мүшелерінен басқа әлеуметтік сала мәселелеріне жетекшілік ететін қалалар мен аудандар әкімдерінің орынбасарлары, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдерінің басшылары тартылды.

Қарағанды облысының Еңбек инспекциясы басқармасының басшысы Қ.Балсариев және Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының бас маманы С.Диханбаева өз салаларында «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының орындалуы туралы есеп берді. Абай және Шет аудандары әкімдерінің орынбасарлары К.Қабдуалиева мен А.Әбілдин, сондай-ақ профессор, медицина ғылымдарының докторы, Қарағанды медицина университеті ректорының кеңесшісі В.Молотов-Лучанский, Қарағанды экономикалық университетінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры Қ.Әбілов үштұғырлы тіл саясатын насихаттау және латын әліпбиіне көшу бағытындағы жұмыстарды ұйымдастыру туралы кеңейтілген баяндамалар жасады.



Облыстық Тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының басшысы-комиссия төрағасының орынбасары Г.Қантарбекова еңбек инспекциясы басқармасында мемлекеттік тілдегі шығыс құжаттарының үлесі небары 40 пайызды құрайтынын, бұл аймақ бойынша ең төменгі көрсеткіш екенін сынға алды. Бұл облыс көрсеткіштеріне де кері әсерін тигізетіні баса айтылды.Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан жүргізілген тіл заңнамасы талаптарының сақталуын тексеру барысында, басқарманың шығыс құжаттары ғана емес, бюджеттік өтінімдер мен оларға негіздемелер, қаржыландыру жоспарлары, активтер мен материалдық құндылықтардың есебі, мемориалдық ордерлер, мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық нұсқаулықтары, конкурстық комиссияның хаттамалары, басқарудың негізгі саласы бойынша тексеру нәтижелері және оларды тіркеу журналы, сондай-ақ мекеме құжаттарының көп бөлігі орыс тілінде ғана рәсімделетіні анықталды.Өз кезегінде, еңбек инспекциясының басшысы қорытынды анықтамада көрсетілген бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қолданып жатқандығын жеткізді.

Комиссияның мүшелері «Қазақ тілі» халықаралық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облысы бойынша филиалының төрағасы Т.Көкетай, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің тарих кафедрасының доценті С.Кентбек басқармада қалыптасқан жағдайға алаңдаушылық танытты. Мемлекеттік тіл – мемлекеттік басқару тілі, іс қағаздарын жүргізу тілі екенін естеріне сала отырып, қазақша құжат айналымын жүргізуге катысты пәрменді шаралар қабылдап, алдағы уақытта осындай өрескел бұзушылықтарға жол бермеуге кеңес берді. «Мемлекеттік тілде іс жүргізу» бұйрығының болуына қарамастан, Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасында да іс жүргізуде орыс тіліне басымдылық берілетіні ашық айтылды.

Отырыс қорытындысы бойынша қала және аудан әкімдерінің орынбасарларына, өңірлік бөлімдердің басшыларына «құжат айналымын ішкі бақылау жөніндегі» топтардың жұмысын жандандыру, өзге ұлт өкілдері басым өңірлерде тілдерді оқыту орталықтарын ашу мүмкіндігін қарастыру, халықты жаңа әліпбиге оқыту жөніндегі жұмысты жандандыру тапсырылды.

Ал халықты жаңа әліпбиге дағдыландыру бойынша жұмыстар облыс көлемінде



# ҚАРАП ТАНЫЛАДЫ

кейбір аймақтарға қарағанда, белсенді жүргізілуде деп айтуға негіз бар. Ол үшін жоспарлы тренингтерді жиі өткізуде. Егер, 2018 жылы осындай тренингтермен облыс орталығына жақын орналасқан 5 қала қамтылса, биыл 13 өңірден 3 мыңнан астам адамды қамту жоспарланып, іске асырыла бастады. Нақтырақ айтсақ, жұмыс тобы кесте бойынша Қарқаралы, Бұқар Жырау, Нұра және Осакаров аудандарында болып түсіндіру жұмыстарын жүргізді. «Тіл-Қазына» Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы директорының кеңесшісі,іс-шараның модераторы Оразқүл Асанғазы қатысушыларға жаңа әліпбиге кезең-кезеңмен көшу үрдісі, артықшылықтары, орфографиялық ережелердің жобасы туралы айтып, тыңдаушылардың барлық сұрақтарына жауап берді.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан жаңа әліпбиді қол жетімді меңгеру



үшін жағдай жасалып, электрондық бағдарламалар құрылуда. «ICoder» ЖШС өкілі Рымбек Ізғали «Жаңа алфавитті зерделеудегі IT-жобалар» тақырыбында мазмұнды баяндама жасады. Қатысушыларға қазақ әліпбиінің латын графикасына көшу барысы туралы барлық ақпарат орналастырылатын «Qazlatyn.kz» ұлттық порталымен, «Qazlatyn» көпфункционалды конвертерімен, «Tilqural.kz» тілді машинамен оқытуға арналған веб-сервисімен, барлық салалық сөздіктер мен энциклопедиялар жинақталған «Sozdikqor.kz» платформасымен, балаларға да, ересектерге де жаңа әліпбиді жеңіл үйренуге мүмкіндік беретін «Jasyryn sóz», «Sózdi tap», «ILES», «Zerekbala», «Sóz álemi» ойындар түріндегі бес мобильді қосымшалар таныстырылды. Іс-шараның негізгі бөлігі тренинг түрінде өткізілді. Тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы жанындағы Ресурстық тіл орталығының директоры Гүлназ Мұстағұлованың түсіндіруінен кейін, қатысушылар практикалық сабақтарды орындап, орфографиялық, орфоэпиялық ережелерді, ерекшелік сөздерін жазуды орындады. Тағы да бір әдіс қолайлылығын көрсетті. Облыста жаңа әліпбиді енгізуде WhatsApp желісінде апта сайын «Аудиодиктант жазамыз» акциясы өткізіледі, облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің әр сенбілік нөмірінде «Jańǵyrý jazýdan bastalady» айдары жұмыс істейді, ол шалғай елдімекен тұрғындарына жаңа әліпбиді өз бетінше үйренуге мүмкіндік береді. YouTube-та қолжетімді оқыту сипатындағы 2D бейнеролик әзірленіп, сонымен қатар облыс тұрғындары «Бүгінгі ой», «Латын-караоке», «Латын субтитр», «Мақалды жалғастыр» акцияларына белсенді қатысуда. Ресурстық орталық меншік нысанына қарамастан мекемелерге өтінімдер негізінде жоспарлы және жоспардан тыс тренингтер өткізіп келеді. Осы тектес шаралармен жыл басынан 2 мыңнан астам адам қамтылған.

Бұл ретте, ересек тұлғалардың жаңа қазақ әліпбиінде жазу және оқу дағдыларын қалыптастыру, латыннегізді әліпбиде жазылған ақпараттарды визуалды түрде қабылдау, ішкі психологиялық кедергілерін жою мақсатында «Latynsha jazyp dağdylanamyz» тренингіне облыс бойынша 66 мекемеден 1786 адам, оның ішінде Ресурстық тіл орталығы тарапынан 15 мекемеден 606 адам тартылды.Тренингтерге жергілікті атқарушы органдарға қарасты мемлекеттік мекемелердің, орталық атқарушы органдарға қарасты аумақтық департаменттердің, сот атқару жүйесінің, білім беру ұйымдарының, ЖОО мен колледждердің, кітапханалар жүйесінің қызметкерлері де қатыстырылды.

Жер, су, елді мекендер атауларының орысшаланып кеткені бұл аймақта да жиі кездеседі. Егеменді ел атанғалы солардың көпшілігіне тарихи атаулары қайтарылды. Ол үшін жергілікті тұрғындардың талабы бойынша қыруар жұмыстар атқарылғанын атап өткеніміз жөн. Дегенмен алда атқарылар істер де аз емес.

Осы мақсатта маусым айының ортасында Қарағанды қаласында «Ономастика жұмыстарын ұйымдастырудың заңнамалық негіздері» тақырыбында облыстық семинар-кеңес өтті. Іс-шараға мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдерінің басшылары, аудандар мен қалалардағы, ауылдық округтердегі тіл саласына жауапты мамандар қатысты.Семинар-кеңес ономастика саласындағы жұмыстар жүргізу барысында ұстанатын басты принциптерді талдау, атау беру және оларды қайта атау кезінде жүзеге асырылатын шараларды түсіндіру, туындауы мүмкін мәселелерді шешу жолдарын бірлесе талқылау мақсатында ұйымдастырылды. Бұдан бөлек қатысушыларға Орталық Қазақстандағы топонимдердің қалыптасу тарихы, өңірдегі кісі есімдерінен туындаған жер-су атаулары туралы толыққанды ақпарат берілді.

Іс-шара барысында Қарағанды облысының ғылыми-техникалық құжаттама жөніндегі архив басшысы, тарих ғылымдарының магистрі Т.Аршабеков, Қарағанды облысы әділет департаментінің нормативтік-құқықтық актілерді тіркеу бөлімінің басшысы Ә.Изатов, Бұқар жырау ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Мұратхан Айжан баяндама жасады.Семинар-кеңес барысында лекторларға көптеген сұрақтар қойылып, нақты жауаптар берілді.

Мемлекеттік тілді еркін меңгерумен қатар халықаралық қолданыстағы тілдерді де үйрену бүгінгі заман талабына айналып отыр. Осыған орай мемлекеттік бағдарламалар қабылданғаны да белгілі. Бұл бағытта да көптеген жұмыстар жүргізуге тура келеді. Осындай іс-шаралардың бірі Ресурстық тіл орталығы мен Қарағанды медицина университетінің ұйымдастыруымен наурыз айында Наурыз мейрамының қарсаңында университет базасында «Үштілді көшбасшы» интеллектуалдық байқауы өткізілді. Бұндай байқау Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті және Қарағанды экономикалық университетінде де өткізілген болатын. Байқаудың мақсаты – Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру, мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейту және нығайту, орыс тілінің жалпы мәдени қызметін сақтау, тілдің үштұғырлығы саясатын жүзеге асыру, үш тілді (қазақ, орыс, ағылшын) жетік меңгерген жастардың интеллектуалдық әлеуетін дамыту.



Бұл байқауға Қарағанды медицина университетінің бірінші курсынан 8 студент қатысты. Сынақ 4 кезеңнен тұрып, әр кезеңде тарих, салт-дәстүр, кино әлемі сияқты тақырыптарда сұрақтар мен тапсырмалар үш тілде берілді. Байқаудың нәтижесі бойынша Ахметов Ерасыл Үштілді көшбасшы атанды. Екінші, үшінші орындарды Шәкір Дәулет пен Рахибаева Аружан иеленді. Осындай байқау алда Қарағандының басқа да жоғары оқу орындарында өткізу жопарланған.

Бүгінгі күні жарнамалар ілінбеген қала түгіл, көшені де іздеп табу қиын. Өз тауарларын жылдам, тиімді өткізгісі келетін кәсіпорындар қызметтің осы түрін жиі пайдаланады. Оның жолына ешкімқарсы тұрып жатқан жоқ. Бұл қала үшін де тиімді дер едік. Мәселе соның қалай берілуінде. Жалпы безендерілуі өз алдына, көбінесе қазақша мәтіндерінде қателер көптеп кездеседі. Осындай кемшіліктермен күресу мақсатында Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының ұйымдастыруымен, Қарағанды қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімімен бірлесе отырып «Көрнекі ақпарат пен жарнамаға – сауаттылық» айлығы аясында рейд жүргізілді. Бақылау шарасының мақсаты – шағын және орта бизнес өкілдеріне тіл туралы заңнама талаптарын түсіндіру. Ерікті қоғам белсенділері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысқан рейд барысында Қарағанды қаласының Зональная көшесінің бойындағы 17 нысан қамтылып, оның 5-еуінен қателік анықталды. Кәсіпкерлік нысандарының әкімшіліктеріне заңнама талаптарын, сондай-ақ көрнекі ақпарат мәтіндеріндегі грамматикалық және стильдік қателерді түзету бойынша әдістемелік көмек көрсетіліп, түзету мерзімі көрсетілген ұсынымхаттар тапсырылды. Шара барысында мемлекеттік тілде ақпараттың болмауы, қазақша мәтіндеріндегі стильдік қателер, ұлттық комиссияда мақұлданған латыннегізді әліпби мен оның емле ережелеріне қайшы келетін деректер кездесті. Ағымдағы айлық жұмысы облыстың барлық өңірлерінде жалғасын тапты. Көшеде ілінген көрнекі ақпараттар мен жарнамалар да жіберілген көптеген қателер түзетілді.




**Бек МЫРЗАҰЛЫ**

# АДАМЫ ЖОҚ АРЫС



## ШАРАПХАНАДАҒЫЛАР ШАҒЫМЫ

26 маусым күні Арыс апатынан кейінгі халықтың жағдайымен танысып, мұң-зарын тыңдауға «Ақ жол» партиясы төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев пен партия төрағасының орынбасары, ақын, «Қазақ үні» газеті президенті Қазыбек Иса Түркістан облысына ұшып келдік. Шымкенттен ұшақтан түсе салып, бірден Қазығұрт ауданы Шарапхана ауылындағы арыстықтар орналасқан лагерьдегі қоныстанушылармен кездестік. Мұнда Мәжіліс депутаттары Берік Оспанов, Сауытбек Әбдірахманов және тағы басқалар да келген екен.

Бұл жерге басында 200-дей адам орналастырылған. Кейін 100-ге жуығын туыстары алып кетіпті. Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп-интернат жайы болғандықтан, әрқайсысы жеке төсекте, тамағы уақтылы көрінеді.

Халық бірден мұң-зарын айта жөнелді. Үйлері қираған, кейбірінің құжаттары да қалып қалған. Малдары да қалған.

Арыстықтардың ең басты мұңы – баспаналарын қалпына келтіру жайы. Сонымен бірге, несиелерінің жайы, жұмыстарынан айрылып қалмау. Тіпті кейбіреулері темір жол басқармалары жұмысқа шақырып жатқандығын, оған мүмкіндіктері жоқтықтарын, егер бармаса, күн көріп отырған жұмыс орындарынан айрылып қалу қаупі туып тұрғанын баяндады. Олардың бәріне Азат Перуашев бастаған депутаттар тыңғылықты жауаптарын берді.

Сонымен, қатар лагерьде жатқандар өздеріне көрсетіліп жатқан қамқорлықтарға ризашылықтарын білдірді.

## МОНТАЙТАСТАҒЫЛАР МОЙЫМАУДА

Шарапханадан кейін біз Арыс ауданы Монтайтас ауылындағы эвакуациялық лагерьге бардық. Жолда бізге «Ақ жол» партиясы Жамбыл облыстық филиалы төрағасы Жорабек Пірнашев бастаған жігіттер, Жамбыл облыстық филиал төрағасы Асан Қошмамбетов, Түркістан облыстық филиалы төрағасының міндетін атқарушы Бақытжан Бейсембаев, партияның Орталық Кеңес мүшесі, белгілі саясаттанушы Бөрихан Нұрмұхаммедов бастаған ақжолдықтар қосылды.





Негізі бұл жерде арыстықтарды азық-түлік, киім-кешекпен қамтамасыз етіп отырған Жетісай ауданы мен Келес ауданы әкімдіктері екен. Бейсен Оңтаев атындағы жалпы орта мектебінде орналасқан лагерьге 500-ге жуық адам келген көрінеді, қазір 250-ге дейін адам қалыпты. Қалғандары естерін жиғасын туған-туысын паналап кеткен. Шарапханада да басында 200-дей болса, қалғаны 100-ге жуық қалғанын айттық. Осындайда, қазақтың бауырмалдық қасиетіне риза боласың. Осы жерде айта кету керек, Арыстағы айналасымен 50 мыңнан астын халықтың эвакуациялық орындарда жатқандары 13 187 адам. Ал 40 мыңға жуығы туған-туысы мен өздері көмек қолын созғандарды паналап отыр.

Мұнда дәрігерлер де жүр, ем қабылдап жатқандар да бар. Көбінесе үлкендер мен жас балалар.

Барлығының айтатын басты мәселелері де – баспана жайы, кредит мәселесі және жұмыстарынан айрылып қалмау. Бір келіншек, балалар тамағы мен таза киім-кешек сұрады. Жауапты қызметкерлер бұны балалар тамағының ыстыққа көп шыдамай жатқандығымен түсіндірді. Біздің айтуымызбен ол келіншек басқа жайға, тоңазытқыштары бар жерге ауыстырылды.



Кең бөлмедегі тапшанға жайғасқан жасы үлкен әйел кісілер жағдайларының жақсы, бәрі жеткілікті екенін айтып, алғыс білдірді.

Олжас Мамыр деген келестік жігіт волонтер болып жүр екен. Оның айтуынша, «Өзге облыстардан келіп жатқан көмектердің көбісі Шымкентте жиналып, артылып қалып жатыр. Соларды бізге Монтайтасқа жіберсе, артықтық етпес еді» – дейді.

Оларға бұл заттарды жеткізіп беру «Ақ жол» партиясы Шымкент қалалық филиалына тапсырылды.

Бұл жерде Хаймолдина Жазира деген екі-үш жасардай баласы бар келіншек Атыраудағы ауырып жатқан апасына бару үшін екі адамға ұшаққа бару-келуімен 4 билет алып қойған. Апаттан кейін Атырау қайда, Арыс қайда, бас сауғалап безіп кеткен ғой. Ал билетін аэрокассалар ауыстырып бермеген, уақыты өтіп кеткен деп ақысын қайтармаған, қайта алуға көлемді айыпақы төлеуді талап еткен. Ол келіншектің мәселесін сол жерде шешіп бердік. Көтеріп алған баласы жәутең-жәутең қарайды. Көзінен үрей кетпеген. «Аты кім?» – дедім. «Ахмет» – деп жауап берді. «Аты күшті екен ғой» – «Иә, Ахмет Байтұрсынұлы атасындай болсын деп қойдық қой», – деді келіншектің мұңды көзінде үміт оты ойнап. «Құдай қаласа, болады Алаш көсемі Ахмет атасындай! Біз сол Алаш жолын ұстанған «Ақ жол» партиясынанбыз», – дедім. «Әумин, айтқаныңыз келсін! Рахмет сіздерге! Ақ жол тілейміз!», – деп Жазираның мұңды жүзіне енді күлкі үйірілді...

Біз бұл жерде белгілі журналист, Сәуле Әбділдаханқызы мен қоғам белсенділері Рүстем Әшетаев, Құрал Сейітханұлын кездестірдік.

Есік алдына жиналған жұрттың сұрақтарына Азат Перуашев жауап берді. Кейбір жергілікті мәселелерді Шымкент қалалық филиалы төрағасы Әлімхан Әбжановқа тапсырды.

Арыстықтарға амандық-саулық тілеп аттандық.

## АДАМЫ ЖОҚ АРЫС ҚАЛАСЫ

Ендігі бағыт – Арыс қаласы. Жақындаған сайын жүрегім дүрсілдей бастады... Енді ше, өзіңнің талай күндерің өткен көзге ыстық қаланың алапат апаттан кейін қаңырап қалғанын көру оңай ма?

Жолда бізге артымыздан жеткен «Ақ жол» партиясы Орталық Комитетінің хатшысы, белгілі журналист Арман Скабылұлы мен ақжолдық белсенді Мәжіліс депутаты Берік Дүйсембинов қосылды. Қасында блогерлер бар.

Қалаға жақындағанда әскерилер күзеткен бекеттің алдында көп көліктер кептеліп тұр екен. Әскери көліктер мен қару асынған сарбаздар толып тұр. Алдын ала сөйлесіп қойғанның өзінде біраз тексеріп барып өткізді... Бізбен бірге жүрген Сәуле Әбілдаханқызына да біздің айтуымыз бойынша, кіруге рұқсат берді. Олар да қуанып қалды. Сонымен құлазыған қалаға кіріп келеміз...

Әскери көліктер мен күзет бекетіндегі сарбаздар, полицейлер ғана көрінеді. Басқа тіршілік белгісі білінбейді. Әр жер, әр жерден кешегі «соғыстан» қалған бүлінген үйлер кездеседі. Бұрын құжынаған адамы мен қаптаған көлігінен о шеті мен бұ шетіне жетуге көп уақыт кететін қайнаған қаланың қаңырап тұрғаны жүрегімді ауыртты... Шардарадан басталатын жолымыз өмір бойы Арыс арқылы өтіп келеді...

Әп-әдемі еңселі «Салтанат» тойханасының маңдайшасы ойылып, есік-терезесінің сау тамтығы қалмапты. «Салтанат» тойханасының салтанаты қашқан бүгінгі қираған ұсқыны тойдың... біткенін көрсетіп тұр... Енді ол той қашан басталады екен бұл қалада?.. Менің есіме де Арыста алшаң басып, талай жүрген күндерім түсті. Жеті жыл бұрын елу жасымды ел тойлаған, облыста жеті қалада өткен кездесулер кезінде Шардарадан кейін арыстықтардың шақыруымен осында өткен еді. Әлемге әйгілі қазақ қаламгерлері Мұхтар Шаханов, арыстық Дулат Исабековтер бастаған талай белгілі қаламгерлермен дүрілдеп жүріп едік-ау сонда...

Өткенді шарлап кеткен ойымды темір жол өткеліндегі күзет бекеті тоқтатты.. Тағы да тексеру. Қаланың ішінде үш жерден тексеруден өттік...

Бір жерде іші қампиып сиыр өліп жатыр. Суретке түсіруге қолым бармады. Тағы бір жерде иттердің өлігі көрінді. Үйлер мен ғимараттардың есік-терезесі қираған, шатыры қаусағандары кездесіп жатыр әр жерден. Тас-талқаны шығып, темір есіктері әлі шашылып жатқан мәшине жуатын ғимарат өрттен қарайып кетіпті. Қабырғасы шайқалған бір ғимараттың көлеңкесінде 20 шақты мина іздеген саперлар жерге жантайып жатып, демалып жатыр...

# ҚАЛАСЫ...













Жалпы, біз жүріп өткен орталық жолдағы үй-ғимараттар видеодағы ел шошытқан көріністердей емес. Соған қарағанда, негізгі снаряд түскен аумақ темір жолдың арғы бетіндегі әскери қару-жарақ қоймасына іргелес аудан мен вокзал маңында болса керек. Қаладан Шымкентке шыққанда темір жол бекетінен кейін Шардараға қарай солға бұрылатын жолы бар сол ауданға қарай бізді күзет жібермеді. Қауіпті көрінеді. Апат болардан бес күн бұрын ғана осы жолмен Шардараға барып-келіп, екі рет өткенім есіме түсті... Шымкентке қарай шығатын жолмен келеміз. Мұнда да жолдың екі жағында шатыры қираған, есік-терезесі бүлінген үйлер мен ғимараттар кездеседі. Жол бойына жинап қойылған снарядтар қалдығы көрінеді. Оларға қауіптіліктің қызыл белгісі қойылған. Қандай белгі қойылса да қарамаған Құрал бір снарядты құшақтап көтеріп алды... Кеше бір әскери адам эфирден қаладан 5 мыңнан астам снаряд қалдығының тазаланғанын айтып қалды... 2 мың әскери мен 50 техника қатысыпты бұған. Соның өзінде 70 пайыз ғана тазаланды деп отыр.

Сол жағымызда әскери бөлімнің қару-жарақ қоймалары төбе-төбе болып көрініп жатыр. Ажал қоймасы!

Апат болған күні жазып, жариялаған «Арыстағы апаттың алдын алуға болмас па еді» атты мақаламдағы өзекті мәселелер өзегімді өртеп барады...

Иә, Арыста тағы да апат болды! Бұл төртінші апат! Бұрын алғашқысы 2009 жылы болып еді.

Бұл жолғы апаттың беті алапат! Арыс – мина қоймасының үстіне орналасқан қала болып шықты... Снарядтар жауып жатыр...

Лезде тарап кеткен видеода тоқтаусыз жарылып жатқан снарядтар! Босып жүрген жұрт. Шулаған ел... Отбасын тастап, босып кетудің қиындығын Босния мен Сириядан көретін едік...

**Көңілге медеу болатын жәйт** – облыс тұрғындарының бәрі бір кісідей жұмылып, Арыс пен қала маңындағы тұрғындарды қабылдап алған. Азық-түлігін жіберіп жатқандар тек облыс емес, бүкіл елімізді қамтуда. «Біз Арыспен біргеміз» акциясы жалпыхалықтық қозғалысқа ұласты.

**Бірінші елдің есіне келетін ең үлкен өкініш –** Бізде өткеннен сабақ алуға болады ма? Бір рет емес бұған дейін үш рет апат болды ғой!.. Айдың-күннің аманында – бейбіт өмір заманында?!. Жоқ, осылай бүкіл бір қаланы көшіруді күтіп жүрдік пе? Арыс қаласында 45 мыңдай тұрғын бар. Айналасымен қосқанда 60 мыңдай тұрғынды көшірудің қасында Кеңес империясының қирайтын кезіндегі қара дақ болған Чернобыль оқиғасы да далада қалмай ма?.. Ал біз керегесінің кетеуі кеткен Кеңес империясы емес, 50 елдің қатарына кірген, елеулі ел, асты толған қазына мемлекет емеспіз бе? Тізгін өзгелердің қолында болған Кеңес империясы кезінде қару-жарақ қоймасы қалың қазағы бар қала іргесіне орналасқан екен. Одан бері Тәуелсіздігіміздің 28 жылында Арыста бұған дейін 3 рет жарылыс болғанын айттық – 2009 жылы, 2014 жылы және 2015 жылы болды. Содан бері бұл қауіпті қойманы өзге қауіпсіз жерге көшіруге жағдайымыз жетпеді ме, жоқ ел алдындағы жауапкершілігіміз жетпеді ме?

## АЛҒАШҚЫ АПАТ...

2009 жылы 18 наурызда Арыстағы әскери қару-жарақ қоймасында үлкен жарылыс болды. Төрт адам қаза тауып, жиырма шақты адам жарақат алған. Үйлердің терезелері қирап, біраз шығындар болды. Сол кездегі Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары Ислам Әбішев Арыста күндізтүні кірпік қақпай жүріп, бәрін орын-орнына қойып беріп еді... Қаншама қиын болса да, ел ішінде үрей тууына жол бермеді. Халық алдында рупормен сөз сөйлеп, ащы шындықты айтып, жарылыс себептерін, қандай кемшіліктер кеткенін түсіндіріп, келешекте бұл жағдайдың қайталанбас жолдарын да көрсеткен еді. Әскери қойма алынбаса, бұдан да зор апат болады деп, ажал қоймасынан құтылуды сол кезде талап еткен еді. Оның сөзіне әскерилер де тоқтады. Халық талабы үшін тайсалмай айтысқан Исекеңе тек өз мүдделерін ойлайтын жоғары лауазымды генерал: «Сен не білесің? Әскери қойма мәселесінің жағдайын әскерилер, біз шешеміз!» – деп сұс көрсетеді. Сонда апат көзін жою кезінде Исекеңнің қасында жүріп, іскерлігі мен ақылдылығына, батылдығына таң қалған әскери бөлімдегі жауапты бір орыс майорының: Жолдас генерал! Кешіріңіз, біз бұл кісіге дауыс көтерудің орнына жарылыстың толқуын да, көшеге шыққан халықтың толқуын да тез тоқтата білгені үшін басымызды июіміз керек! Мен өзім басымды иемін!» деп бас киімін алып, иілгенде әлгі әскери басшы тоқтап қалғанын сол оқиғаға куә болғандар жыр ғып айтып жүретін.

Исекеңе ел сонда толығымен сенді, себебі, ол халық сеніміне ие болатын. Бірақ, ол кісіні сол кезде Өскемен қаласына ауыстырып жіберді. Одан кейін де бірнеше рет жарылыс болды, бірақ ешқандай шара қолданылмады. Кеше жарылыстың кезінен бері елдің Исекеңнің осы ерлікке лайық ісін еске алып жатқаны да бекер емес-ау. Ал Су ресурстары комитетін басқарғанда триллион үнемдеген Ислам Әбішев түрмеде жазықсыз жатыр... Оны босатуды сұрап, «Қазақ үні» сайтындағы Ұлт зиялыларының Ашық хатына қол қойғандардың саны 20 мыңға жуықтады.!!! Біздің ел тарихында бұлай ел ешкімді қолдап қол қоймаған... Тіпті 100 есе аз 200-ден асқан қолдау бар ма екен?..

Кеше Шымкенттегі Ақмешіттегі толқу жасаған арыстықтардың «Әскери қойманы жабу керек» деген талабын көріп отырып, оларға басу айтқан әкімдер мен министрлердің халықты тоқтата алмағанына қарап, тастүрмеде жатқан Ислам Әбішев еске түсіп кетті-ау..

Сонымен қатар, сол жылы осы Арыстағы апат туралы Парламентте Мәжіліс депутаты, генерал Ержан Исақұлов та депутаттық сауал жасап, «Бұл әскери қойманы көшірмесек, ендігі жарылыс өте жойқын және зардабы зор болады», – деп ескерткен болатын...

Иә, Арыста болған төртінші апаттан бұл 3 адам қаза тауып, 70-тен астам адам жаралы жатыр. Ал Арыс қаласы қаңырап, адамсыз қалды! Адамдары айдың-күннің аманында жауып тұрған снарядтың астында жалаңаяқ, жалаңбас басы ауған жаққа безіп кетті... Қасіретте де қайрат көрсеткен қайран ерлердің арқасында естерін жиып, пана тапты...

**Өртте қалған балалардың**
**шырылы –**
**Бұл бір Сұмдық сынақ**
**болды баршаға!**
**Етігімен су кешкендер түгілі,**
**Жалаңаяқ от кешкендер**
**қаншама!**
**Үш апаттан бізге қандай**
**күй қалған,**
**Төртінші апат! –**
**Есіңді енді жи бүгін!**
**Бір қойманы көшіруге**
**қиналған –**
**Бір қаланы құрбан**
**етті билігім!?.**

Тағы да ойға батып кеткен екенмін, көлігіміз қабырғасы қақырап қалған бір ғимаратқа тоқтады.

Журналистігі бізден асып кетпесе, кем емес Азат Перуашев: «Қазеке, сіздің бүгін сайтқа жарияланған «Арыс апаты» атты керемет жырыңызды осы қаланың өзінде оқымайсыз ба? Мен өзім де түсіріп алар едім» – деді. Бұған қасымыздағы серіктер де қосылды. Сөйтіп, сол күні жазылған Арыс апаты туралы жырды Арыстың өзінде, бүлінген ғимарат алдында, бомба түсіп ойылған жолдың жағасында, шашылған снарядтардың қасында оқуға тура келді... Арысқа мақтау жыр арнап жүрген басым, «жоқтау» жыр жазамын деп ойлап па едім... Алла жар болсын, Арыс бар болсын дейік...

Қаладан шығарда тағы да тексерді. Жолда «Ақ жол» ауылына, Арысты қалпына келтірудің республикалық комиссиясы штабына соқтық. Көлікте келе жатқанда бұл ауылдың жазушы-драматург Дулат Исабековтың ауылы екенін, осында былтыр үлкен кітапханасы ашылғанын айттым. Азекеңе: «Дулат Исабеков ауылын «Ақ жол» қойғасын, сіз немереңіздің атын Дулат қойған екенсіз ғой» деп, былтыр немересіне әйгілі жазушының атын қойғанын есіне салып қойдым. Біздің әңгімемізді естіп қойғандай, тура сол кезде Дулат көкеміздің өзі телефон соға қалғаны. «Көкеміз жүз жасайды екен, хабарласып жатыр» деді Азекең де. Дулат Исабековке «Тура ауылыңызға келгенімізді қайдан біліп қойдыңыз, жүз жасайды екенсіз » деп таң қалып жатырмыз. Ол кісі амандық-саулықтан соң, бірден Арыстың жағдайын сұрады. Мазасызданып отырғанын, шығып кетейін десе, сындырып алған аяғының әлі қалпына келе қоймағанын, оның үстіне Арысқа кіргізе ме, қайда барарын білмей, уайымдап жатқанын айтты. Біз көргенімізді баяндап бердік.

*(Жалғасы 10-бетте)*

# АДАМЫ ЖОҚ АРЫС ҚАЛАСЫ...





*(Басы 8-9-беттерде)*



«Ақжолдықтар» «Ақ жол» ауылындағы штабқа кіргенімізде күн де ұясына жақындап қалған еді. Жамбыл атындағы жалпы орта мектебіне орналасқан штабта әскерилер, полицейлер, әкімшілік қызметкерлері, журналистер толып жүр. «Хабар-24.кз» сұқбат алып жүр.

Біз кіргенде Денсаулық министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті төрағасы Жандарбек Бекшин телефонмен жоғарыға есеп беріп жатыр екен. Азат Перуашев Арыс қаласының радиациялық жағдайы туралы сұрап еді, журналистер де жинала қалып, бәрімізге ақпарат берді. Әдеттегідей, сөзінің біссімілласын қазақша бастады да, қалғанын орыс тілінде баяндап кетті. Бұны көріп бұндағы блогерлер Айгүл Орынбектен бастап, өңдері өзгеріп, диктофондарын түсіре қойды. Қарасам, бір де бір өзге тілді блогер жоқ. Ентігіп келіп тоқтағанда: «Ақпаратыңыз дұрыс екен, Жәке, бірақ мемлекеттік тілде айтсаңызшы, бұл жердегі журналистердің бәрі қазақ тілділер ғой. Кеше Қорғаныс министрі де орысша сөйлеп жатыр. Біз де алыстағы астанамыздан ауылымызға Ресей тілін естиік деп келген жоқпыз ғой» – деп едім, қысылып қалып: «Кеше қазақша сөйлем, біреулер орысша сөйлеңіз деді» деп, ақталып алып, ақпаратын түгел қазақша баяндап берді.





Осында штаб мүшелері, Түркістан облысы ішкі саясат басқармасы басшысы Бейсен Тәжібаев пен Ордабасы ауданы әкімі Қайрат Жолдыбай жүр екен, олар да істеліп жатқан жұмыстар жөнінде сөз етті.

Түркістан облысы әкімі Өмірзақ Шөкеевтің «Арыстықтар маусымның 28-іне үйлеріне қайтады. Қала қауіпсіздік үшін толық тазарып, дайын болуда» дегенін де, осында естіп, қуанып қалдық.

### «АРЫСТА СОҒЫС БОЛЫП ЖАТЫР!»

Келесі бағытымыз, Арыста үйіне снаряд түсіп, шаңырағын ортасына түсіріп, бөлмелерді қиратып кеткесін, Шымкенттегі туысын паналап отырған Мейрамкүл Байкөбенова Құлпытыңқызына келгенде түнгі сағат 10-нан асып кеткен еді.

«...Туысқанын паналап жатқан арыстықтардың жағдайын білгуе келген біздің алдымыздан жүгіріп шыққан кішкентай бала алақтап, Арыс жақты көрсетіп, сөйлеп қоя берді.

– Аға, ана жақта соғыс болып жатыр. Танкі, бомбы...Біз енді ол жаққа бармаймыз!

–Жоқ, балақай! Біз қазір ғана сол жақтан келдік. Соғыс жоқ, ертең-ақ үйге қайтасыңдар! – дедік біз. Бала сенбеді. Басын шайқап, кері жүгіріп кетті. Әбден қорқып қалғаны түрінен көрініп тұр. Бейбіт күнде төбеден снаряд жауып, үйіңді отқа орап жатса, өзің ысылдаған оқтың арасынан әзер аман шықсаң, соғыс емей немене?» Арман Сқабылұлы фейсбуктағы парақшасына менің Арыс қаласында оқыған «Арыс апаты» атты жырымдағы:

**Аты алысқа кеткен әсем жер едің,**
**Апатта да бастық елдік намысқа!**
**«Біз соғысты көрген жоқпыз,» деп едің –**
**Дулат көке,**
**Көрдік міне, Арыста!** – деген шумағын эпиграф етіп, осындай әсерлі жазба жазды...

Бұлар отбасында бәрі 11 адам екен. Далада тапшанда екі сәби алаңсыз жатыр. Үйленген екі баласы бар екен. Әркайсысы бастарынан өткенін баяндауда. Жарылысты есті салып, үйіне жүгіріп кіріп, бесіктегі баласын жалаңаш жұлып алып, далаға қашып шыға бергенде, үйдің шаңырағы тура опырылып ортасына түскенін айтқан келін жылап жіберді... Мейрамкүл апайдың айтуынша, «Каспибанктен» қайта-қайта хабарласып, «егер несиелеріңді төлемесеңдер, зейнетақыларыңды тоқтатып қоямыз» дегесін, елден қарыз алып, қиналып төлегендерін айтты. Азекең мұндай жағдай форс-мажорға жататынын, сондықтан, банктің қинауға құқылары жоқ екенін түсіндірді. Бір жағынан «Өздеріңіз оншақты адам үйден айрылып, басқа жерді паналап отырсыздар, әрі елден қарыз алып, несие төлейсіздер! Не деген адалдық пен жауапкершілік» деп таңғалып жатыр. «Мына екі балам да, келіндер де жұмыссыз жүргесін, алғанбыз ғой несиені» дейді әлеуметтік тұрмысы төмен мұңлық ана. «Сонда балаларды несиемен асырамақсыз ба?» деді түсінбеген Азекең. «Жоға, жұмысқа тұру үшін пәре беру керек қой, әйтпесе ала ма?» деді ол кісі жайбарақат. «Сіздер жұмысқа тұру үшін пәре беруді кәдімгі құжат өткізу секілді айтасыздар ғой» – деп, күйіп-пісіп жатыр Парламентте жемқорлыққа қарсы талай депутаттық сауал жасаған Азат Перуашев... Солай етті де, өзінің атына арыз жазуды ұсынды. «Алдағы уақытта бұндай күрделі мәселелердің бәрін Парламентте көтереміз» деді.



«Мынадай апаттан қалай аман қалған адамдар?» – деді Әлімхан Әбжанов таңданысын жасырмай. «Жаңағы өздері баспанадан айырылып, қиындыққа жүрсе де, қарыз алып несиесін төлейтін, құдайына қараған қарапайым да, адал жандар ғой барлығы. Сондықтан, құдай сақтаған ғой», –дедім мен күрсінісімді жасыра алмай...

«Оңтүстіктің халқының өзге өңірден ерекше қазақы адамгершілігі, ағайынтуыстық, бауырмалдығы, имандылығы мен қонақжайлығы көп рөл атқарған ғой. Сондықтан, 50 мыңдай адамның далада қалмай, қамқорлық көріп жатқаны. Егер мұндай апат өзге өлкеде болса, не боларын құдай білсін... Халқымызды Алла сақтап, ел аман, жұрт тыныш болсын», – деді Азат Перуашев.

Сыртқа шықсақ, тапшанда «**Арыс жақта соғыс болып жатыр. Танкі, бомбы...Біз енді ол жаққа бармаймыз!**» деген кішкене бала ойнап жүр екен... Ойындары алаңсыз болса екен, Арыс десе, шошымай, ауылына асықса екен деп ойладым. Ал әлгі анасы үйдің төбесі опырылып түсерден бірер минут қана бұрын бесіктен жұлып алған сәби тапшанда алаңсыз ұйықтап жатыр екен... Жұлдыздар жымыңдаған ашық аспан астында үй төбесі опырылып түспейтіні анық... Тек бомба дауысы естілмесін деңіз... Тәуелсіз Еліміздің аспаны мәңгі ашық болсын!

Төртінші апат төрт құбыламызды шайқалтып кетті.

Бесінші апаттың болмауына Арысқа келіп тұрып, «Әскери қойма жойылады!» деп, ел алдында серт берген Қазақстан Президенті Тоқаев тосқауыл қоюы тиіс!

Ел аман, жұрт тыныш болсын дейтін қазақпыз.

Қазақ үшін өзінің қасиетті шаңырағынан, кіндік қаны тамған туған жерінен артық жер жоқ!

Алаштың атағы алысқа тараған Арыс қаласы қауіпсіз жағдайда болуы керек!

Алла сақтап, Алаш жұрты аман болсын деп тілейік!

**Қазыбек ИСА**

*Шымкент – Арыс*
*Түркістан облысы*
*26 маусым 2019 жыл*

# АРЫССКАЯ ТРАГЕДИЯ:
## кто ответит за «бомбёжку» города?



**Надо было случиться арысской трагедии, чтобы президент страны Касым-Жомарт Токаев поднял элементарный вопрос в военной сфере: почему склады с боеприпасами расположены в 200 метрах от города, а не в 3 км, как положено по закону? Ведь всё, что делается не по законам, может «взорваться». До этого на такой вопрос представитель министерства обороны ответил так: боеприпасы с военных складов в Арысе не успели перевезти из-за нехватки денег! Оказалось, военные занимались перевозом боеприпасов на другие территории ещё с 2005 года!**

### КТО ОТВЕТИТ ЗА АРЫССКУЮ ТРАГЕДИЮ?!

Но скупой платит дважды! Казалось бы, вот момент истины, чтобы признать коррупцию, некомпетентность, безответственность высших чинов министерства обороны и правительства, чтобы исправить ситуацию с нескончаемыми взрывами в армии, укрепить безопасность страны, восстановить жизнь обстрелянного города и наказать виновных. Но нет этого, как не было и после предыдущих взрывов в Арысе.

Даже законные 3 км мало. Взорвавшиеся снаряды долетают до 20 км. А в складах могут быть ракеты и большей дальности. Когда перестало взрываться, военные вздохнули облегченно – главное, не дошло до более опасных боеприпасов, которые вроде более защищены. Но что там хранится, опять не известно общественности.

А ведь с 2009 года начались неоднократные взрывы в военных складах с человеческими жертвами. Многие проверки до и после взрывов в 2009 году, которые выявили массу нарушений, вынесли вердикт: если «стародедовскую ручную» систему утилизации боеприпасов с нарушениями не переведут на новые технологии с использованием современных аппаратов, взрывы будут продолжаться. И эта безответственность военных обернулась нынешней катастрофой. По какой причине министерство обороны не среагировало и не исправило эту взрывоопасную ситуацию в течение длительного времени?!

Власти показали неготовность к чрезвычайным ситуациям. А ведь это касается государственной безопасности, безопасности населения, и жители пострадавшего города на деле столкнулись с некомпетентностью, безответственностью, халатностью, неоперативностью военных и местных властей. Где боеготовность армии, где чсники, полицейские, акимат?!

На одном из видео из Арыса слышен детский голос: «Соғыс па?», на что взрослый отвечает: «Қой, не дейсің». По количеству взорванных снарядов арысская «канонада» легко может выиграть многие сражения современности. За считанные минуты жители города превратились в беженцев, чтобы скорей уйти из взрывоопасной зоны. К сожалению, есть погибшие. Вопрос: кто ответит за арысскую катастрофу?!

80% домов города повреждены, многие – разрушены. Некоторые улицы напоминают поле боя: выбитые окна, разрушенные стены, поврежденные крыши, сгоревшие дома. В мирное время обстреляли целый городок! По данным на 27 июня на улицах Арыса обнаружено свыше 5700 боевых снарядов!

### ЖИТЕЛИ АРЫСА НЕ ХОТЯТ ВОЗВРАЩАТЬСЯ ДОМОЙ

Местные жители говорят, что «обстрел» начался в 7.30, а не в 9.20, вначале были взрывы, затем – пожары. Многие не обратили особого внимания на первые взрывы, потому что они иногда случаются, к ним привыкли. Но военные по характеру взрывов, в каких складах какие боеприпасы и по другим признакам должны были определить опасность чрезвычайной ситуации и сразу оповестить население.

Однако не было никакого оповещения, SMS рассылок, никаких инструкций: где собираться, в какую сторону уходить, не говоря о транспорте! Никакой организации эвакуации! Говорят, что даже сотовая связь не работала, и люди не могли в хаосе найти друг друга.

Если было бы раннее оповещение, то люди не отводили бы детей в садики или забирали бы из садиков, больниц и т.д., меньше было бы раненных, потерянных детей, хаоса, волнений, нервотрепки и т.д.

На деле была всеобщая паника. Люди бежали не просто из города, а на возвышенности, боясь, что военные могут затопить город водой из водохранилища – когда нет официальной информации, приходилось полагаться на слухи. Ведь даже сирены включились только после того, как снаряды стали разрываться в городе.

На улицах не было полицейских, которые регулировали бы движение транспорта: хаос на дороге породил заторы, машины сталкивались друг с другом, заправки не работали, немало машин осталось в городе из-за отсутствия бензина. Многие жители были без денег, документов, воды – «бомбёжка» застала их где-то на улице и они не имели возможности вернуться к своим домам.

В итоге из 41 тысячи жителей самостоятельно эвакуировались 39 тысячи, а власти из зоны ЧС вывезли только 2 815 человек – автобусы прибыли слишком поздно.

Хотя официально было заявлено, что военные склады рядом с Арысом будут ликвидированы, поврежденные дома будут восстановлены и отремонтированы, будет оказана материальная помощь, пострадавшие из Арыса вышли в Шымкенте на импровизированный митинг и потребовали выдать им земли подальше от Арыса. Некоторые настаивают на том, чтобы их не возвращали в поврежденные дома в Арыс, а предоставили им жилье или участки в других населенных пунктах. Люди просто боятся возвращаться в печально известный Арыс, в свои разрушенные дома. Ведь эти взрывы – не в первый раз!



Вот что рассказал Серик Бейсембаев, руководитель Центра социологических исследований при Международном научном комплексе «Астана», побывавший в районе ЧП 26 июня вместе с руководством партии «Ак жол»: «Вокруг города Арыс организовано военными оцепление по всему периметру, как безопасная зона. Патрулируется полицией везде. Вход по особому распоряжению. Пострадавшие в ЧС города Арыс поднимают ряд вопросов. У всех кредиты. Банки звонят и требуют погасить очередные платежи, не хотят слушать о том, что людей эвакуировали, говорят – ваши проблемы! Одна из женщин говорит: мы не отказываемся платить, но нам сначала надо вернуться в дома, многим придётся ремонтировать и восстанавливать разрушенные, а кое-кто вообще лишился крыши над головой.

Азат Перуашев объяснил местным жителям, что эта ситуация называется форс-мажором. Уже готовится официальное обращение ДПК «Ак жол» в Нацбанк РК, чтобы обязал банки второго уровня не штрафовать и не доставать людей в этой сложной и непростой ситуации.

Работникам железной дороги звонит руководство отделения КТЖ и ставит жесткие условия по выходу на работу, иначе грозятся уволить! То есть не обращают внимания на то, что у них семьи на руках и в такой плачевной ситуации, до города Арыс ехать 40-80 км и в город не пускают без особого разрешения. Азат Перуашев пообещал выйти так же оперативно на руководство КТЖ с официальным запросом.

У женщины сгорели безвозвратные билеты на семью, собирались лететь к больной матери в Атырау. Авиакомпания отказалась возвращать деньги. Для семьи это большие деньги. Можно конечно разбираться, долго и упорно, но им сейчас жить не на что! У другой многодетной семьи дом полностью разрушен. Их забрали родственники, и таких большинство. У многих дома осталась скотина, пробирались туда в обход рубежей поить, кормить».



### НЕ НАДО ПРАЗДНИКОВ ВО ВРЕМЯ ТРАГЕДИИ

Действительно, справедливо будет, как предложили многие активисты, отправить средства, выделенные на празднование Дня столицы, жителям Арыса; отказаться от дорогостоящих увеселительных мероприятий, каких-либо международных саммитов, проводимых в Казахстане. Не надо устраивать праздники во время трагедии!

Конечно, какая-то часть бюджета на День столицы уже освоена. И очень трудно пересматривать утвержденный бюджет, но сейчас действительно форс-мажорные обстоятельства. Однако дело не только в перераспределении бюджета. Проблема в другом: насколько этично устраивать праздник во время арысской катастрофы?! Власти могут не признавать, но в Арысе – реальная трагедия, 41 тысяча беженцев (и это тоже реальный факт), есть погибшие (их может в разы больше официальной цифры), есть раненные, 80% домов разрушены. И что, в такой ситуации нельзя сократить бюджет на День столицы? Отменить какие-то мероприятия? Провести с минимальными затратами, сделать скромней, без фейерверков, концертов и т.д.? И перенаправить часть денег со Дня столицы на Арыс?

В Нур-Султане немало проектов строительства дорогостоящих объектов, тот же имиджевый мост с двумя 42-этажными башнями, здание-мост в форме флага или проект «купола», от которых можно отказаться хотя бы на время. Конечно, некоторые проекты являются негосударственными, но трагедия жителей Арыса не может быть частной. Тем более президент страны Касым-Жомарт Токаев распорядился сократить госрасходы на имиджевые мероприятия.

...И во время взрывов случаются душещипательные истории со счастливым концом. В пути из Арыси преподаватели, проводившие ЕНТ в Арысе, подобрали 23-летнюю беременную девушку и акушера. Они сбежали из больницы, в которой взрывом снесло дверь. Девушка родила в ближайшем селе. Роженица решила назвать дочь в честь матери водителя, благодаря которому она смогла добраться до населенного пункта и родить ребенка в спокойной обстановке.

**Дастан ЕЛДЕС**
*d.eldesov@mail.ru*

# КОМУ BED TAX, А КОМУ И КОЙКО-СУТКИ: КАК КАЗАХСТАН МОЖЕТ СТАТЬ ТУРИСТИЧЕСКИМ РАЕМ

**Казахстан может стать туристическим раем, и помочь в этом должна Государственная программа развития туристской отрасли на 2019–2025 годы. Об этом сообщает caravan.kz.**



### ТАК МАНИТ ЧИСЛО «ДЕСЯТЬ»

На заседании Республиканского общественного совета по поддержке предпринимательства при партии «Нур Отан» председатель комитета индустрии туризма минкультуры и спорта Майнюра МУРЗАМАДИЕВА сообщила: завершается работа над госпрограммой по развитию туризма до 2025 года. На ее реализацию необходимо 1,5 триллиона тенге, из которых 730 миллиардов чиновники планируют взять в республиканском бюджете, 123 миллиарда – из местных бюджетов, а 722 миллиарда – из частных инвестиций.

– Мы изучали опыт США, Франции, Испании, ОАЭ. Основная задача – войти в десятку туристических держав мира. Определено 10 приоритетных туристских территорий (ПТТ), в которые вошли Имантау-Шалкарская, Щучинско-Боровская курортная зоны, Баянаул, Алаколь – со стороны Восточно-Казахстанской и Алматинской областей, Алматы, Астана, Балхаш, Туркестан и Мангистау, – сказала Мурзамадиева.

Именно эти территории получат преференции от государства: натурные гранты – выделение земельных участков, освобождение от налогов – КПН, земельного и имущественного на срок до 80 лет.

– Бюджетные потери по недополученным налогам составят порядка 30 миллиардов тенге, а объем привлеченных инвестиций – 800 миллиардов тенге. Развитием ПТТ будут заниматься управляющие компании, созданные с участием нацкомпании «Казахтуризм», минсельхоза (национальные парки), местными исполнительными органами (социально-предпринимательские корпорации) и бизнесом, – сообщила представитель профильного комитета.

По предварительным оценкам, топ-10 объектов к 2030 году помогут увеличить количество внутренних и въездных туристов более чем в четыре раза – с нынешних трех миллионов до 13 миллионов посетителей в год, и позволят создать свыше 60 тысяч новых рабочих мест.

– Другая мера – нужны новые модели управления национальными парками, привлечение частного бизнеса. В пилотном режиме этот проект будет запущен в Иле-Алатауском нацпарке и в Имантау-Шалкарской курортной зоне, – проинформировала Мурзамадиева.

Среди других мер, которые должны оживить индустрию отдыха, глава профильного комитета назвала маркетинг и продвижение.

– Мы отстаем от наших прямых конкурентов – Узбекистана и Кыргызстана, в мире больше знают о соседях – Азербайджане, Монголии, Грузии. Бюджет на продвижение Грузии в 14 раз превышает объем выделенных на маркетинг Казахстана средств в 2017 году, в 40 раз больше тратят на эти цели в Чехии, в 100 раз – в ОАЭ. Пока не поставим этот вопрос ребром, мы так и будем никем не узнаваемой страной, к сожалению, – заметила чиновница и сообщила, что количество денег на развитие туризма нужно увеличить до 10 миллионов долларов в год.

Снизить нагрузку на бюджет чиновники намерены в том числе через туристские взносы.







– По аналогии с зарубежными странами мы предлагаем ввести bed tax (налог на размещение в отелях) с иностранцев. Эти средства будут поступать во внебюджетный фонд и в дальнейшем идти на маркетинг и продвижение страны. Два доллара за ночь для туристов в Астане, Алматы, Шымкенте, – рассказала Мурзамадиева.

Либерализация визового режима – еще один инструмент по превращению Казахстана в привлекательный объект для посещения.

Сейчас безвизовый въезд предусмотрен для граждан 63 стран. Жителям Китая и Индии, следующим транзитом через нашу страну, разрешено 72-часовое пребывание в Казахстане без регистрации.

– Мы настаиваем на отмене приглашений при внедрении системы «E-hotel», при которой правоохранительные органы будут иметь доступ к информационным системам гостиниц и других мест размещения, – сказала глава комитета индустрии туризма.

### ДОРОГО И СЕРДИТО

– По вопросу bed tax мы до сих пор находимся в состоянии полемики с уполномоченным госорганом. С общим набором инструментов согласны, а там, где есть шероховатости, мы хотели бы пройти тонким напильником, – сообщил заместитель председателя нацпалаты предпринимателей «Атамекен» Олжас ОРДАБАЕВ.

Предлагаемый размер туристского сбора в объеме 30 процентов от МРП – около 800 тенге за каждый день проживания (дети до 16 лет освобождаются от уплаты), по мнению представителей отельного бизнеса, является крайне высоким для бюджетного сегмента, – считают в НПП.

Сейчас средняя стоимость койко-суток в Казахстане не превышает 6 тысяч тенге. Предприниматели предлагают дифференцированный подход в зависимости от категории отеля.

– Также предлагается ввести «eco pass». В мировой практике данная система является своего рода лицензией на деятельность в нацпарках, а также единым платежом за пользование природными ресурсами. Однако разработчики рассматривают «eco pass» как дополнение к существующей системе платежей, – акцентировал зампред НПП. – Наша позиция – новый налог не должен идти внахлест с действующими платежами за использование особо охраняемых природных территорий. С точки зрения логики какие-то платежи должны быть исключены.

Еще один волнующий бизнес вопрос связан с введением обязательной категорийности отелей. Эта процедура обходится в сумму от 300 тысяч тенге и выше, в зависимости от запрашиваемой категории. Поэтому отельеры зачастую отказываются от добровольной сертификации. НПП предлагает внедрить бесплатную процедуру получения категории для действующих субъектов бизнеса в переходный период (2019–2020 годы).

### СТОЛКНИТЕ КАМЕНЬ С ГОРЫ

Депутат мажилиса, председатель комитета туризма НПП Павел КАЗАНЦЕВ уверен: именно бизнес является ключом решения вопросов.

– Предпринимательство может толкнуть камень с горы и дать хороший профит стране в части развития. Мы должны научить местное сообщество – на селе и в райцентрах, максимально приближенных к объектам, обслуживать туристов, предоставлять сервис по питанию и проживанию. Иногда говорят: нет дорог, но они здесь не первоочередная задача, – считает мажилисмен.

Ранее Казанцев, входящий в комитет по экономической реформе и региональному развитию и регулярно занимающийся внутренним туризмом, рассказывал, что мы используем свой потенциал только на три процента.

– В Уральске хотел выехать на организованную рыбалку – не нашел ни одного соответствующего объявления! – сетовал он после очередной поездки.

Парламентарий высказался по поводу планов чиновников ввести bed tax:

– Нельзя на стадии развития отрасли начинать с обременения финансами. 800 тенге для внутреннего туриста – категорически не годится. Говорят, что введут для иностранцев. А с какого бодуна они должны платить?

Нельзя с Европой сравнивать – туда прут, в очередях стоят, самолеты битком, за месяц отели не забронировать. Да ты там 8 «бедтаксов» заплатишь, лишь бы попасть туда!

А мы с нуля площадку создаем – и сразу налоги! Надо подумать, насколько это важно. И тем более фонды, которые будут создаваться под такие «бедтаксы», – с их прозрачностью у нас всегда беда.

Создадут фонд типа «Камкора» (фонд гарантирования прав казахстанцев в сфере выездного туризма. – Прим. ред.) и потом бегают за ними годами, просят: «Цифру назови, куда деньги-то дел».

Раскритиковал депутат и практику взимания платы за кино-, видео- и фотосъемку на территории национальных парков.

Тарифы введены приказом и. о. председателя комитета лесного хозяйства и животного мира МСХ от 31 мая 2017 года.

– 55 тысяч тенге за видео и 25 тысяч за фотосъемку – кто поедет? Да мы должны приплачивать туристам, чтобы ездили туда и распространяли в соцсетях! В целом в Госпрограмме развития туризма не должно быть общих фраз, – считает Павел Олегович. – Догнать, перегнать, а должны быть указаны конкретные даты реализации и направления.

– И да, туризм не настолько высокобюджетная отрасль. Местные сообщества на условиях ГЧП могут строить инфраструктуру – необязательно только 5-звездочные отели в областных центрах, которые, кстати, уже имеются. Нам нужно строить объекты, максимально приближенные к туристским дестинациям, – к Балхашу, Капшагаю, ВКО, подтянуть жилье среднего уровня, – заключил Казанцев.

Назгуль АБЖЕКЕНОВА



# НА ПОРОХОВОЙ БОЧКЕ:
## что происходило после самых страшных взрывов в Казахстане

**Утром 24 июня на военных складах в Арыси произошла серия взрывов.**
**Известно о троих погибших от взрывов, более 50 человек доставлены в больницу. Все жители 40-тысячного города эвакуированы.**
**Caravan.kz вспоминает истории самых страшных взрывов в Казахстане.**

### АРЫСЬ-2009. ЧТО ПРОИЗОШЛО?

Очевидцы рассказывали о вспыхнувшем за окном зареве. Какие-то секунды – и в комнатах жильцов стало светло как днем. Раздался оглушительный грохот. Вслед за ним в небо поднялось облако-гриб.

Взрывы произошли на территории ТОО «НПО «КазАрсенал», которое тогда находилось вне юрисдикции военного ведомства и являлось частной организацией, которая работает на основании лицензии и утилизирует боеприпасы.

Пожар был локализован в 22.45, а в 4.00 следующего утра полностью ликвидирован. Погибли четыре человека – сотрудники ТОО «НПО «КазАрсенал». Также было возбуждено уголовное дело по статье «Нарушение правил обращения со взрывчатыми веществами, повлекшее смерть людей». Совместно с департаментом внутренних дел и военно-следственным управлением по Южно-Казахстанскому гарнизону была создана следственно-оперативная группа. Создана комиссия по ликвидации последствий и возмещению причиненного пострадавшим вреда.

### РЕАКЦИЯ ОФИЦИАЛЬНЫХ ВЕДОМСТВ

Позже представитель Генеральной прокуратуры РК Сапарбек НУРПЕИСОВ заявил: «Эта работа ведется активно, но сегодня говорить о каких-то конкретных мерах и выявленных нарушениях еще рано. Если мы эту работу завершим, то в конце апреля сможем об ее итогах проинформировать СМИ».

– На работу руководство ТОО «КазАрсенал» нанимало безработных из города Арыси и близлежащих населенных пунктов. Платили людям по 400 тенге в день. За эти деньги человек должен был разобрать 20 снарядов, – рассказал эксперт из госкомиссии Аскар Зулханаевич.

Содержимое разобранных боеприпасов вместе с еще не разобранными снарядами хранилось в кучах под одним навесом. Причиной возникновения пожара, приведшего к взрывам, по заключению комиссии, стали сварочные работы, которые велись вечером 20 марта в нескольких метрах от кучи с тротилом.

### О КАТАСТРОФЕ ПРЕДУПРЕЖДАЛИ

Между тем ровно за два месяца до взрыва, 20 января 2009 г., независимый эксперт Оскар ДАУБАЕВ отправил министру индустрии и торговли Владимиру ШКОЛЬНИКУ докладную записку, в которой сообщал о критической ситуации, сложившейся в большинстве фирм, производящих утилизацию боеприпасов и взрывные работы по всему Казахстану, и предупреждал о возможных трагических последствиях.

### КОММЕНТАРИЙ НОВОГО НАЧАЛЬНИКА «КАЗАХВЗРЫВПРОМА»

Чуть позже в интервью новый президент АО «Казахвзрывпром» Олег ПАК сообщил, что арысского синдрома не будет.

Г-н Пак сообщал, что бывшее руководство «Казахвзрывпрома» целенаправленно вело компанию к банкротству. За бесценок были проданы или выведены с баланса имущество и оборудование на сотни миллионов тенге. Создавались частные структуры, оформленные на родственников прежних руководителей, которым передавалось не только имущество, но и работы, которые до этого выполнялись «Казахвзрывпромом».

Также г-н Пак заверил, что в «Казахвзрывпроме» имеется лицензия на утилизацию взрывоопасных веществ и большая часть работ механизирована, человеческий фактор сведен до минимума.

### ВИНОВНЫХ НАКАЗАЛИ

Слушание дела велось почти месяц в Арысском районном суде. На скамье подсудимых – пятеро сотрудников регионального филиала ТОО «НПО «Казарсенал» во главе с директором.

Вина подсудимых по версии суда была полностью доказана, и его решением директор филиала Юрий ЯШКИН приговорен к четырем годам лишения свободы. По три года получили главный инженер филиала Хаким АХМЕДЖАНОВ и начальник участка Дмитрий ЧИН. Еще два фигуранта дела – замдиректора по материально-техническому обеспечению Александр ПРОХОРОВ и инженер по технике безопасности Калмаханбет ОМАРОВ – отделались условными сроками.

Арысь и соседние с ней аулы в Южном Казахстане рисковали снова «взлететь на воздух». Потенциальным источником смертельной опасности являлись также склады «Казахвзрывпрома».

Спустя четыре года выясняется: страшные уроки трагедии 2009 г. так ничему и не научили. К печальным выводам пришли специалисты управления инспекции труда по Южно-Казахстанской области после проверки арысского филиала АО «Казахвзрывпром».

- Четыре года прошло - и мы наблюдаем аналогичную картину здесь же, но уже на «Казахвзрывпроме»! При таком раскладе нет никаких гарантий, что трагедия не повторится... – сообщал руководитель управления инспекции труда ЮКО Бастар ЕСКАРАЕВ.

Тогда управление решило приостановить работу взрывоопасного предприятия до устранения нарушений. Однако полной уверенности, что даже после этого Арысь не разнесет в клочья, нет.

### МЕЖДУ ТЕМ В 2013 «ВЗЛЕТАЕТ НА ВОЗДУХ» ОТАР

В селе Отар 27 августа 2013 г. при утилизации холостых снарядов произошел взрыв. Четыре человека погибли, еще трое сильно пострадали.

В начале марта 2013 г. Елбасы высказал свое беспокойство по поводу коррупции в рядах министерства обороны Казахстана, которая бросает тень на армию и представляет угрозу для национальной безопасности:

– На обороноспособность страны выделяются большие средства... Министру обороны необходимо принимать превентивные антикоррупционные меры, – подчеркнул Первый Президент.

Через несколько дней министр обороны Адильбек ДЖАКСЫБЕКОВ поспешил отчитаться: мол, несмотря на ряд громких дел, связанных с коррупцией в Вооруженных силах, за последние три года ее уровень в войсках снизился с 41 до 22 процентов.

### ЧТО ПРОИЗОШЛО?

Единственным на тот день предприятием по утилизации боеприпасов являлось АО «Казахвзрывпром», ему министерство обороны перечисляло бюджетные деньги за ответственную работу по утилизации.

Еще задолго до трагедии комиссии департамента утилизации не раз фиксировали нарушения на пункте утилизации в Отаре, говорил бывший директор департамента Николай Оракеев. В 2012 г. в Отаре было проведено девять проверок, в 2013-м – восемь.

Самая последняя проверка прошла 6 августа 2013 г., буквально за две недели до взрыва. Контролирующие обнаружили множество недостатков. Николай Оракеев издал распоряжение от 12 августа 2013 г. о наказании начальника пункта утилизации Орлова и главного инженера Гурьянова. Была дана команда: составить план устранения недостатков. Орлов представил план 14 августа и 19 августа доложил, что они устранены.

Через восемь дней прогремел взрыв...

### ВИНОВНЫХ НАКАЗАЛИ

Третьего декабря 2014 г. в Кордайском районном суде был оглашен приговор в отношении начальника департамента утилизации Оракеева, инженера-технолога филиала центра утилизации АО «Казахвзрывпром» Орлова, начальника ПУ-1 станции Отара Гурьянова.

Они признаны виновными в совершении преступлений, предусмотренных ч. 4 ст. 307 и ч. 2 ст. 246 Уголовного кодекса, то есть в злоупотреблении должностными полномочиями, в нарушении правил безопасности на взрывоопасных объектах, и были приговорены к пяти годам лишения свободы с лишением права занимать руководящие должности в отрасли утилизации боеприпасов сроком на три года, с отбыванием наказания в исправительной колонии общего режима.

Специалисты технического контроля пункта утилизации станции Отар Емельянов, Сазонов, Кыдыралиев признаны виновными по факту нарушения правил безопасности на взрывоопасных объектах и приговорены к трем годам лишения свободы. Однако в соответствии с ч. 1, 3 ст. 63 УК РК им назначили условное наказание с испытательным сроком два года.

Кроме того, частично были удовлетворены иски родственников пострадавших при взрыве сотрудников АО «Казахвзрывпром». В долевом порядке с Оракеева, Орлова и Гурьянова взыскан моральный вред в размере 300 тысяч тенге и услуги представителя в размере 10 тысяч тенге, а также госпошлина в доход государства в размере 926 тенге. Осужденные специалисты технического контроля должны выплатить моральный вред в 100 тысяч тенге, а также услуги представителя и госпошлину. Осужденные должны были погасить взысканные суммы до 3 января 2015 г.

### СНОВА ВЗРЫВЫ В АРЫСИ. 2014

Техногенная авария снова произошла в Арыси. Снова погибли люди.

Рвануло в одном из цехов, где шла выемка пороха. Причину ЧП выясняла специально созданная комиссия. Тем временем люди в Арыси скорбят по двум погибшим землякам – сотрудникам АО «Казах¬взрывпром». Это мужчина и женщина 26 лет.

Информации о наказании виновных в трагедии 2014 г. в открытых источниках найти не удалось.

### ТРАГЕДИЯ ПОВТОРИЛАСЬ В 2015

Восьмого ноября 2015 г. около 10.40 по местному времени на полигоне на подрывном поле ТОО «Казтехнологии» близ города Арыси в Южно-Казахстанской области во время уничтожения отходов утилизации произошла детонация взрывчатых веществ.

В результате происшествия погиб технолог филиала «Центр утилизации» Ермурат Иманкулов, 1974 г. рождения. Работы по утилизации боеприпасов и уничтожению отходов производства также были приостановлены. Снова была создана специальная комиссия по расследованию несчастного случая.

Информации о наказании виновных в трагедии 2015 г. в открытых источниках также найти не удалось.

### И СНОВА ТРАГЕДИЯ В АРЫСИ. 2019

Утром 24 июня на военных складах в Арыси произошла серия взрывов.

После взрыва в Арыси Туркестанской области пострадал 21 человек, 3 человека погибли.

Из города эвакуировано около 41 тысячи граждан: 39 тысяч выехали самостоятельно, 2815 человек эвакуированы.

Вечером того же дня в Туркестанскую область прилетел Президент Касым-Жомарт Токаев.

Напомним, что в настоящее время ввиду разлета осколков снарядов затрудняется тушение пожаров на самих складах войсковой части.

Для эвакуации населения, а также в целях обеспечения охраны общественного порядка задействованы сотрудники органов внутренних дел и военнослужащих Национальной гвардии: 1282 человека личного состава и 115 единиц техники, 357 сотрудников ЧС, 345 полицейских, 580 военнослужащих Нацгвардии, а также один вертолет ЕС-145 и три пожарных поезда.

**Илья ГОРБАЧЕВ**
*(в сокращении)*

# ҒАСЫРҒА ЖУЫҚ ЖАСАСА ДА, ЖАДЫ МЫҚТЫ ЕДІ...

**Өмірден 95-ке қараған шағында Бикүл апа да өтіпті. Бұл кісіні ғасырға жуық жасаған тірі шежіре деуге болады. Соның ең үлкені – 13 жасында 1938 жылы Алаш идеясы үшін айдалып кеткен Переуаш Кәрімұлының түрмеден елге жазған жырын жаттап алып, кеше өмірден өткенше, айтып келгенін айтуға болады.**

Алашорда материалдарын таратқаны үшін ұсталып кетіп, құрбан болған Переуаш Кәрімұлының бұл өлең жолдары 1938 жылы Ақмоладағы НКВД-ның түрмесінде газет бетіне сүтпен жазылған болатын. Өйткені, оның хаттарын цензура сыртқа шығармайтын. Осы жыр жазылған газетпен кір киімдерін орап, үйіне жууға жібереді.

Иә, 76 жыл бойы бойдан кетпеген үрей еді бұл!..

«Бір мені балаушы еді бір тайпа елге» деп ат қойған, жалпы 20 шумақтан да асып кететін бұл ұзақ жырды Бикүл апа бір демде айтып шығады.

Қолыма қалам алар кезім келді,<br>
Жүректі ой тербетіп сөзін берді.<br>
Март күні 26-шы жазған хаттан,<br>
Төкеннің қолтаңбасын көзім көрді.

Үй-тұрмыс, жазыпсыздар елдің жайын,<br>
Ата-анам, Төкен менің уайымым.<br>
Саясат пызғарымен кеттім деймін,<br>
Басқасын ойыма алып не қылайын.

«Аман бол, әке» депсің, жазған сөзің,<br>
Бір сенің суретіңді көрді көзім.



Пакетті жеткізген адам газетті лақтырып тастамай, оны күйемен тазалау керектігін айтады.

Осылайша, пайда болған бұл өлең жолдарын Переуаштың 13 жастағы оқушысы Бикүл Мұқанова (суретте) жаттап алып, сақтап қалған.

Бұл дастанды оқығаны үшін, оны үш күннен кейін НКВД-ның қызметкерлері ұстаған. «Алашордашыл П.Кәрімовтің өлеңін тараттың» деп айыптап, соққыға жығады. Бикүлді НКВД-ның аудандық бөліміне жүгіріп жеткен өзінің анасы Жұмаш өте балуан кісі болған екен. Дәу бір қап бидайды бір қолымен-ақ көтеріп кете беретін еді дейді ел. Сол кісі қамаудың есігін бір теуіп ашып, кіріп барып, «Ойбай-ау, бұл бала емес пе? Бала да бір ит те бір, қызыққанына жүгіреді, не істеп жатқанын біледі ме?» – деп, қолынан сүйреп алып шығады. НКВД қызметкерлерінен қылмыстық іс көтермеуді талап етіп, құтқарып қалады.

Переуаш Кәрімұлының елмен қоштасу жыры Ерейментау өңіріне жылдам тарап кетті. Оның жеке шумақтарын білетін әртүрлі жастағы адамдар да әр кезде айтып жүретін еді. Өлеңнің толық нұсқасын бүгінде 89 жасында Бикүл апаның өзі 2014 жылы Переуаш Кәрімұлының туған немересі Азат Переуашевқа айтып береді. Өлеңмен жазылған толғау хатты оқып беру туралы өтінішке де уайымды жүзбен алаңдап: «Мені сол үшін қайтадан қамап тастамай ма?» деп үрейлене сұрайды.



Түрмеде біз сияқты жатыр талай,<br>
Тоқтаттым осыны ойлап өзімді-өзім.

Ажалсыз атқан оқтан қалғам талай,<br>
Бауырым күдер үзбе, көрмес жандай.<br>
Әділдік келсе, жойып қиянатты,<br>
Еш қылмас еңбегімді әлдеқандай.

Қорқыныш осы жерден болмай сенім,<br>
Жақсы жоқ, жаман айтпай дегендейін.<br>
Ырзамын туып-өскен Қоржынкөлім,<br>
Малтабар – кіндік қаным тамған жерім...

Ал енді, қош айтамын, дұғада бол,<br>
Жүруге дайындалдым, бір ұзақ жол.<br>
Бұл сапар «Барсакелмес» деген еді,<br>
Ақырын қайыр етсін, ел аман бол!

Ал 2018 жылы 29 қыркүйекте біз Азат Переуашевпен бірге Бикүл апаның халын сұрауға Ерейментау ауданы «Жаңа жол» ауылына бардық. Қасымызда жол бастаушы , осы ауылдың түлегі, сол кезде Переуаш Кәрімұлы атындағы мектеп директоры болған, қазір Ерейментаудағы агроколледж директоры Руслан Хамзин мен ел ағалары Жылқыбай Абақаев пен Ербол Әубәкір және Азекеннің тұңғыш ұлы Әнуар Переуаш бауырымыз да болды.

Зұлмат сепкен 1938 жылдардан арада 80 жыл өтсе де, 94-тегі Бикүл апа бұл жырды әлі жатқа айтады екен. Өлеңді есіне салып едік, түгел жатқа айтып шықты да: «Мені тағы да ұстап әкетпей ме?» деп сұрады. Қазақтың бас көтерерін түгел айдап-атып тастаған Кеңес империясының 80 жыл өтсе де кетпеген үрейі еді бұл...

Бикүл апа сол күні баяғы Переуаш ағасының өлеңін оқығаны үшін қамалғанын еске алды. Содан кейін де НКВД-шылар оны бірнеше рет іздеп келген екен. Бір іздеп келгенде жанып тұрған пештің мұржасының төбесіне шығып кетіп, тығылып отырып, табаны күйіп қалғанын еске салды.

Сонымен бірге, бұл жырды жатқа айтқанында бұрын біз естімеген шумақтар да қосылып кетті... Соған қарағанда, бұл қоштасу жыры біз ойлағаннан да, бізге жеткеннен де ұзақ болуы мүмкін деп ойладық. Мен өзім видеоға жазып алған бұл көріністен қатты әсер алдым. 95-ке жақындаған апамыздың есте сақтау қабілетіне таң қалдым.

Бұл сапарымыздан керемет әсер алдық. Апамыз бізді күтіп жүрген қызы Бақытжанға бұйрық беріп, бізге сақтаған сыбағасын, жылқының сүр етін салдырды қазанына. «Мал өрісте еді, кешке қалыңдар, қой союмыз» деді қайта-қайта ескертіп. Өзі бізбен бірге дастарханға отырып, дәм татты... Кетерде Азекең екеуміз балалық шағымызды еске түсіріп, сөреге шығып, жайылып тұрған апамыздың құртынан «ұрладық..» Мен сол кезде апамызға: «95-ке аман-есен жетіңіз, тойыңызды атап өтеміз» деген болатынмын риза болып. Бикүл апа 95-ке сәл ғана жетпей өмірден өтті.

Егер Бикүл апаның ерен ерлігі мен феномендік дәрежедегі есте сақтау қабілеті болмағанда, бізге Алаш арысы Переуаш Кәрімұлының сол бір зобалаң жылдарының шежіресіндей болған жыры жетпес еді... Ал осы жырды негізге алған ақындар 2014 жылы Ерейментау ауданы, Малтабарда өткен Переуаш Кәрімұлының 100 жылдығына арналған Халықаралық жыр мүшәйрасында жүздеген арнау жыр жазып, 24 ақынға бәйге берілді. Мүшәйра қорытындысы кітап та болып шықты сол кезде. Ал осы жырдың басына жазған Переуаш атаның отбасына жазған хатындағы «Мен де аман келермін» деген сөздері мені де қатты тебірентіп, мен осы аттас әсерлі жыр жазған едім.

Өмірден Ел анасы деуге лайық Бикүл апа да өткеніне қырық күннің жүзі болыпты.

Жатқан жері жайлы болсын. Алды пейіш, арты кеніш болғай... Алла ұрпақтарына да ұзақ ғұмыр бергей!

Иманы салауат болғай!

**Қазыбек ИСА,**<br>
*«Қазақ үні» газеті*

İS-SHARA

# ЖАС ОФИЦЕРЛЕР ӨМІРГЕ ЖОЛДАМА АЛДЫ

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты өзінің он үшінші түлектерін ұшырды. Лейтенант офицерлік шенін және жоғарғы әскери оқу орнын бітіргені туралы дипломдар салтанатты түрде табысталды.**

Биыл 8 мамандық бойынша 135 курсант әскери оқу орнын тәмамдады. Олардың 32-сі үздік дипломмен, оның ішінде Алмаз Амантайұлы, Шынболат Қайырбеков, Нұрғиса Лахайбековтер «Әскери оқу орнын үздік бітіргені үшін» төсбелгісімен марапатталды.

Салтанатты шараға Халық Қаһарманы, космонавт, Қазақстанның Әскери-әуе күштерінің генерал-майоры Айдын Айымбетов, Мәжіліс депутаты Бақытжан Смағұл, ҚР Қорғаныс министрлігінің басшылығы, Қарулы Күштерінің ардагерлері, Әуезов аудандық әкімшілігінің өкілдері және бітірушілердің ата-аналары мен жақындары қатысты.

Жас офицерлер салтанатты маршпен жүріп өтіп, мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойды. Қарумен саптық дефиле көрсеткен соң әскери оқу орнының Жауынгерлік Туымен қоштасты. Бітірушілер жұптарымен қоштасу вальсін билеп, көкке ақ кептерлерді ұшырды.

– Бүгін сіздер офицер погонын тағып, жоғарғы әскери оқу орнын бітіргені туралы дипломға ие болдыңыздар. Нағыз ер азаматтарға тән мамандықты таңдаған соң намыс туын биікте ұстап, «Қазақстан әскерінің офицері» деген жоғары атаққа лайық боласыздар деген сенімдемін, – деді РЭжБӘИИ-дің бастығы генерал-майор Асқар Мұстабеков.

Жас лейтенант, алтын медаль иегері Алмаз Амантайұлы әскерилер әулетінен шыққанын, сондықтан оқуда үнемі алда болуға тырысқанын жеткізді.

– Әскери институт қабырғасында болған 5 жылда білім мен достықтың қадіріне жеттім. Біздің иығымызға погонмен қоса еліміз үшін үлкен жауапкершілік пен зор міндет жүктеледі. Халқымыз бен оның Президенті – ҚР Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшының сенімін ақтаймыз, ақтық деміміз қалғанша адал қызмет етеміз, - деді ол.



ҚР Қорғаныс министрлігіне қарасты Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты Орта Азия аймағы бойынша радиотехникалық мамандықтар бойынша маман дайындайтын жалғыз әскери оқу орны болып табылады. Жоғарғы әскери институт зенитті зымыранды, радиотехникалық әскерлері, әскерлер мен қару-жарақты автоматтандырылған басқару жүйелері инженерлері, байланыс әскерлері, авиацияны радиотехникалық қамтамасыз ету мамандықтары үшін білікті офицерлерді даярлайды. Институт құрылғалы бері (2001 ж. бастап) 320 курсант үздік дипломмен бітіріп, ал 30 курсант «Әскери оқу орнын үздік бітіргені үшін» төсбелгісімен марапатталған.



Дайындаған: Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

## ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

*– Сіздің жүретін жігітіңіз жоқ па? Сенгім келмейді. Осындай әдемі әрі ақылды қыздың жүретін жігіті жоқ дегенге қалай сенерсің?!*
*– Жігітпен жүруге күйеуім рұқсат бермейді.*

***

*Леонид Ильич бес жұлдыздан жалыға бастапты да, енді алты тармақты жұлдыз алғысы келетінін айтыпты. Маңайындағылары сасқалақтап:*
*– Леонид Ильич! Өйтуге болмайды, ол – Давидтің жұлдызы! – дегенде «көсем»:*
*– Онда тұрған не бар? Бұрын Давидтікі болса, бұдан былай Леонидтікі болсын! – депті.*

***

*Сот: – Сіз кінәлі емес екеніңізді дәлелдей аласыз ба?*
*Айыпталушы:*
*– Дәлелдей аламын, тек ойлануға біраз уақыт беріңіз.*
*– Жарайды, ойлануға бес жыл берейін.*

***

*– Мына итім менің жанымды сақтап қалды!*
*– Қалай?*
*– Ауырып жатқанымда емханадан жетіп келген дәрігерді үйге кіргізбей қойды!*

***

*Үш ішкіш сілтеп отырады. Ауырлаңқыраған біреуі басын шайқайды:*
*– Жігіттер, мен енді ішпеймін. Статистиканың анықтауына қарағанда, әрбір төртінші алкоголик мерзімінен бұрын өледі екен.*
*– Қорықпа, біз үшеу-ақпыз!*

***

*Орманда мұжық пен аю қарама-қарсы ұшырасып қалады да:*
*– Сен кімсің?! – деп ақырады аю.*
*– Мен – саяхатшымын, ал сен ше?!*
*– Саяхатшы – мына менмін! Ал сен – саяхатшының таңғы тамағысың!*

***

*– Жасұлан сен білесің бе, мен Дженифер Лопестің сабыны болғым келеді. Оның шоколадқа ұқсас денесімен төмен қарай сырғып...*
*– Марат, Дженифер Лопес кір сабынмен жуынбайды ғой.*

# Марста тіршілік болуы мүмкін: Тағы бір дәлел

NASA ғарыш агенттігінің мамандары Curiosity марсоходынан алынған мәліметтерді зерттеп, Қызыл ғаламшардағы атмосферада үлкен көлемде метан газы бар екенін анықтады.

Ғалымдар марсоходтан қосымша мәліметтер келуін күтуде. Олар өз зерттеулерін дәлелдеу үшін тағы да тәжірибелер өткізбекші.

Ғалымдардың айтуынша ғаламшардағы метан газы жақында пайда болған, себебі Күн нұры мен химиялық реакциялар оны жойып жібереді. Зерттеушілер метан газы Марста миллиондаған жылдар бойы сақталып, енді кездейсоқ жарықтар арқылы сыртқа шығуы мүмкін дейді. 2013 жылы да Қызыл ғаламшарда метан газы бар екендігі анықталған еді. Бірақ осы аптада анықталған метан газы бұрынғысынан 3 есе көп. Жалпы Жер шарындағы метан газын негізінен тірі жан-жануар, жәндіктер, адамдар бөліп шығарады.

Айта кетейік, наурыз соңында Curiosity Марстағы Гейл кратерінде тірі ағзалардың өмір сүруі үшін қажет болған азат бірікпесін тапқан болатын.

*massaget.kz*



№24 санда шыққан сөзжұмбақтың жауабы



# Өкше жарылса не істеу керек?

**Әйелдер қауымы бетпен бірге дене бітімінің және аяқ-қолы терісінің де мінсіз болғанын қалайды. Алайда жаз айларында көптеген адамдардың өкшесі жарылып, мазасы қашады. Мұндай өкшемен өзіңізді еркін ұстап жүре алмайсыз. Ендеше өкшеңіздің жұмсақ әрі тегіс болуы үшін аяқ күтіміне аздап уақыт бөліп, төмендегі емді жасап көріңіз.**

Адамның өкшесі түрлі себептерге байланысты жарылады. Мәселен, дұрыс таңдалмаған аяқ киім де өкшеңізге айтарлық зиян тигізеді. Әсіресе қыздар қауымы жазда жан-жағы ашық, жеңіл аяқ киім кигенді ұнатады (вьетнамка және босоножка). Температураның өзгеруіне үйренбеген теріңіздің беткі қабаты қатайып, содан жарылуға алып келеді. Аяқтардың ұзақ уақыт бойы жоғары температурада болуы өкшенің жарылуына әкеледі. Мәселен, демалыс кезінде ыстық құмның үстінде жалаң аяқ жүгіріп, ұзақ уақыт көлге шомылсаңыз да өкшеңіз жарылуы мүмкін. Тағы бір басты себеп – теріге қажетті дәрумендердің жетіспеуі. Ағзаңыздағы зат алмасудың бұзылуы, қант диабеті т.б. аурулардың себебінен де өкше жарылады. Сондықтан арнайы дәрігерге қаралып, алдын-ала тексерілген жөн.

Жарылған өкшенің ең басты емі – қабыршақтанған теріні тазалап, өкшені жұмсарту. Ол үшін әуелі тырнаққа арналған егеуішпен жарылған өкшені егеп, тазалайсыз. Содан кейін ғана аяққа арналған былау жасауға болады. Ол үшін ыдысқа ыстық су құйып, әрбір 1 литрге 1 шай қасық ас содасын саласыз. Сонымен қатар қалақай, жалбыз шөптерінің тұнбасын қосса да пайдасы арта түседі. Теріңіз құрғақ болса да тері (өкше) біріншi жарылады. Сондықтан эфир майларын қосуыңызға болады.

Жожоба майы – теріні жұмсартып, нәрлендіреді. Ол теріге терең сіңіп, ұзақ уақыт бойы құрғап кетуден сақтайды.

Шабдалы майы – жарылған жерді емдеп жазып, теріні жұмсартады.

Бадам майы – құрғақтықты жоюды. Қабыршықтанған теріні жазатын қасиетке ие.

Авокадо майы – жарылған жерді тегістеп, құрғақ теріні ылғалдандыратын қасиеті бар. Аталған эфир майларын сатып алмас бұрын, ішіндегі анықтама парақшасымен танысып шығыңыз. Бәрінің мақсаты бір болғанымен, олар адамға әртүрлі әсер етеді. Сіздің теріңізге сәйкес келетін таңдап, нұсқаулықтан суға қанша мөлшерін қосуға болатынын анықтап біліп алыңыз.

Аяққа 15-20 минут былау жасағаннан кейін, міндетті түрде кеуектаспен жарылған жерді тазалап, артынан жуып тастаңыз. Содан соң аяққа арналған крем жағыңыз немесе жожоба майын жағыңыз. Былау бір дегенде ойыңыздағыдай нәтиже бермеуі мүмкін. Сондықтан бұл былауды уақытылы күн сайын жасап тұрыңыз. 5-7 рет жасалған былаудан кейін өкшеңіз тегістеліп, жұмсара бастайды. Сулу өкшеге қол жеткіземін десеңіз, бастаған ісіңізді аяқсыз қалдырмаңыз.

*massaget.kz*

№25 (843), 1 shilde, 2019

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

**...Жалынды жырлар жазатын,
Сыр толы сурет салатын.
Өнердің елі – өз елім,
Қос өнер – қос қанатым.
Өзі жазған өлеңдегі осы бір ғана шумақ суретші, ақын Әуелбек Ысқақовтың мақсат-мұратын, бүкіл өмірлік бағыты мен болмысын ашық айғақтап тұрғанын аңғарасыз. Қасиетті де киелі егіз өнерді өмірлік серік еткен Әуелбек Ысқақов алпыс атты белеске табан тіреді. Оны бүкіл Жетісу аймағы атап өтті десек те артық емес.**

# ҚОС ӨНЕРДІҢ ҚЫРАНЫ





Жер жанаты – Жетісу өңірінде, асқар Алатаудың етегін жайлаған ақындар мен батырлардың ежелгі мекені болып келген Жамбыл ауданының атақ-даңқы алысқа кеткен. Жетісу ақындарының алтын діңгегі атанған – Сүйінбай, жыр алыбы – Жамбыл, өлеңнің қара жорғасы, өзгелерден оза шапқан үздік ақын – Үмбетәлінің кіндік қаны тамған қасиетті мекен. Елін, жерін жаудан қорғап, ерлігімен аңызға айналған Қарасай, Қаумен, Дәулет, Жәпек, Қараш, Қашке, Саурық, Сұраншы, Сүттібай секілді батырлардың отаны.

Алдымен бүгінгі кейіпкеріміз суретші, ақын Әуелбек Ысқақовты «Қазақ үні» газетінің қалың оқырмандарымен жақынырақ таныстыра кетейік. Ол суретші, ақын ғана емес, әуесқой композитор, әнші, айтыскер ақын, жыршы-термеші, жұрт тойында көргісі келетін асаба, ұлағатты ұстаз, шебер ұйымдастырушы, мұрағат-мұражай тарихын зерттеуші... Бұл атағанымыз – Әуелбектің бойына біткен қасиеттерінің бір парасы ғана. «Жігітке жеті өнер де аз» – деп осындайда, айтқан болар данышпан қазақ.Шынында, осыншама қасиет бір адамның бойына сирек бітеді емес пе?! Ал, айтпай кетуге болмайтын Әуелбектің ең басты артықшылығы бар, ол – қарапайымдылығы! Үлкенге құрметпен, кішіге қамқорлықпен қарайтын қалыпты мінезі оның беделін биіктетіп, жалпы жұрттың шынайы құрметіне бөлеп келеді.

Әуелбек Мұсаханұлы 1959 жылы Жамбыл ауданы Үмбетәлі ауылында дүниеге келген. 1976 жылы Алматы қаласындағы №9 мектеп-интернатты бітірген соң Абай атындағы мемлекеттік университетінің көркемсурет-графика факультетіне түсіп, сурет пен сызу пәні мұғалімі мамандығын алып шығады. Жастайынан, мектеп қабырғасында жүріп-ақ, алғашқы жазған өлеңдері мен суреттері сол кездегі «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан»), «Қазақстан мұғалімі», «Педагог» басылымдарында жарияланып, көпшілік назарына ілігеді. Отан алдындағы әскери борышын екі жыл өтеп келген соң, 1982 жылдан бері туған жері Жамбыл ауданы комсомол, білім бөлімдері саласында жұмыс істеп, 30 жылдан аса Үмбетәлі атындағы орта мектепте мұғалім, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарады. 2011 жылдан өзінің атасы, белгілі Халық ақыныҮмбетәлі Кәрібаевтың әдеби-мемориалдық музейінің директоры болып еңбек етіп келеді. Өмірмен өзектес, тарихпен тамырлас осы саладағы көп жылғы еңбегі еленіп, ҚР Мәдениет министрлігінің марапатына ие болды, «Үздік өлкетанушы» атағын алды.

Әуелбек Ысқақовтың әдебиет саласындағы еңбектері өз алдына бір төбе. «Жорғадан қалған тұяқ ем», «Үмбетәлі жырларының жалғасы», «Мен де бір мөлдір тамшымын», «Даңқты дихан Қасымбек», «Жаным Жайлымстан тараған ұрпақтар», «Әке жайлы әңгіме», «Егіз өнер» атты бірқатар кітаптары жарық көрді. Соңғы «Егіз өнер» жыр жинағының тұсауы аталмыш шығармашылық кеш үстінде кесіліп, мерейтойға келген қауымның қолына тиді.

Әуелбек Ысқақовтың шығармашылық кешіне алыс-жақыннанкелген құрметті қонақтары,туған-туысқандары, жерлестері, өзі еңбек ететін ұжым мен мектептегі шәкірттері,өнер сүйер қауым аудан орталығы Ұзынағаш кентіндегі үлкен мәдениет үйін лық толтырды. Шығармашылық іс-шараға белгілі қаламгерлер Нағашыбек Қапалбеков, Жұмабай Шаштайұлы, оқушы, студенттік шағын бірге өткізген, танымал суретші, ҚР Суретшілер одағының мүшесі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Алпысбай Қазығұлов, белгілі актриса Күлзия Қожахметова тағы да басқа өнер шеберлері мен елге танымал тұлғалар мерей той иесіне жүрекжарды тілектерін білдірді. Сонау бала шағы мектеп-интернатта оқып жүргеннен, университет бітіріп шыққанша ұстазы болған ғалым, профессор Африза Айтбайқызы Әуелбек Ысқақовтың кішкентайынан өнерлі, алғыр, белсенді болғаны жайында қызықты естеліктер айтып берді.

«Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» – дейді халық даналығы. Бұл да Әуелбек үшін айтылған секілді. Алтынның сынығы, асылдың тұяғындай Әуелбек жастайынан Сүйінбай, Жамбыл және Үмбетәлі атасының жырларын жаттап өседі. Өзі де өлең шығарып, жыр-термелерді домбырамен орындап машықтанады. Кейін




келе үлкен сахналарға шығып, айтыстарға да қатысып көпшілік қошаметіне бөленген.

Ұйтқысы болған
өнер ордасының,
Мен де бір өлең-өзен
арнасымын.
Шашасына шаң
жұқпас Үмбетәлі,
Жырларының жалынды
жалғасымын,

– деп жазуы осыған нақты дәлел болса керек.

Шәкіртсіз ұстаз – тұл, соңыңнан қалар ізіңді өшірмей, жалғастыратын да солар. Отыз жылдық ұстаздық өмірінде оның алдынан жүздеген шәкірттер білім алып, үлкен өмірге жолдама алды. Сурет атты сиқырлы әлемге бет бұрған ізбасарлары да баршылық. Олар түрлі байқауларда көзге түсіп, мектеп пен ұстаз мерейін өсірді. Әуелхан Мұсаханұлы оқушыларын сурет өнеріне ғана емес, өлең өлкесіне де бағыттап, Үмбетәлі ақынның әдеби-мемориялдық музейі қасынан әдебиет үйірмесін ашып, жастарды баулумен келеді. Ертең олардың да арасынан халқына жауһар жырлар сыйлайтын ақындар шығарына ұстаз сенімді.

Мерейтойға келушілер мәдениет үйінің залында қойылған суретші Әуелбек Ысқақовтың «Ұлы дала бояулары» атты шығармашылық көрмесін де тамашалауға мүмкіндік алды. Мамандардың айтуынша Әуелбек Ысқақовтың суреттерітұңғиық ойдан туындаған картиналарымен құнды және өзіндік графикасымен ерекшеленеді. Портреттік суреттері де мамандар мен көрермендер тарапынан лайықты бағасын алған. Оның жеке сурет көрмелері Алматы қаласындағы Ә.Қастеев атындағы мұражайда табыспен өтті. Сол сияқты облыстағы аудан орталықтары мен Талдықорған, Жаркент қаласындағы көрермендер тамашалай алды.

«Әуелбек менің досым ғана еме, өнердегі ұстазым. Сурет салуды алдымен содан үйрендім. Ол болмағанда суретші мамандығын қаламаған болар едім. Ол бірыңғай сурет өнерінің соңына түссе одан керемет суретші шығар еді. Суретші-ұстаз ретіндегі еңбегі зор. Еңбектері бірқатар катологтарға еніп, бірнеше ақын-жазушылардың кітаптарына графикалық суреттері шықты. Әуелбек соңғы кезде төл мамандығына ден қоя бастағаны қуантады мені. Екі жылдың айналасында елуге тарта картина жазып үлгеріпті. Оның талантына мен жоғары баға беремін»-дейді ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, белгілі суретші Алпысбай Қазығұлов.

Ия, егіз өнердің тізгінін тең ұстау оңай емес, ол бәрінің бірдей қолынан келе бермейді.Қос өнердің көгінде қырандай қалықтаған Әуелбек Мұсаханұлына біздің қалың оқырмандар атынан «Қанатың талмасын, қос өнердің қыраны!» – деген тілегін жеткізгіміз келеді.

**Зейнолла АБАЖАН**

**ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

***«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:***

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 ай | қала | 379,24 | 3 ай | қала | 1137,72 | 6 ай | қала | 2275,44 | 12 ай | қала | 4550,88 |
| 1 ай | ауыл/аудан | 397,86 | 3 ай | ауыл/аудан | 1193,58 | 6 ай | ауыл/аудан | 2387,16 | 12 ай | ауыл/аудан | 4774,32 |

**Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС**

**ҚАЗАҚ ҮНІ**

**Президент –
Редакторлар кеңесінің төрағасы –
Қазыбек ИСА**

**Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ**

**Бас редактордың бірінші орынбасары –
Зейнолла АБАЖАН**
**Бас редактордың орынбасары –
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ**

**Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ**

**Бөлім редакторлары:**
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Айнұр АХМЕТ (мәдениет)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**
**Астана тілшілер қосыны:**
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
(8-702-931-89-86)
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
**Ақмола облысы:**
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)
**Арқалық қаласы:**
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)
**Алматы облысы:**
Айтақын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)
Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)
Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)
**Батыс Қазақстан облысы:**
Қажымұқан ҒАБДОЛЛА
(8-701-111-61-05)
**Жезқазған қаласы:**
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)
**Сәтбаев қаласы:**
Абдолла ДАСТАН
(8-(71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)
**Қарағанды облысы:**
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)
**Қостанай облысы:**
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)
**Семей қаласы:**
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)
**Маңғыстау облысы:**
Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)
**Түркістан облысы:**
Әбдіғаппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)
**Түркістан қаласы:**
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

**Атқарушы директор –
Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН**

**Тарату бөлімі:**

**Астанада:**
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
**Шымкентте:**
Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),

**Астанада «Алты Алаш»** (87015728847)
дүңгіршіктерінде сатылады

**Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976–Г (Алғашқы куәлік №1270–Г, 01. 08. 2000 жыл).**

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.
Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді

**АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

**Редакцияның мекен–жайы:**
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

**Байланыс телефоны:**
8 (727) 398-57-31

**E–mail: qazaquni2000@gmail. com
www. qazaquni. kz**

**Кезекші редактор –
Зейнолла АБАЖАН**

ТОО «Қазақ үні»

БИН 000540006784
ИИК KZ50856000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ. , С. Мұқанов к. , 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

(А) – материалдың жариялану ақысы төленген